



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

## ХАЛЫҚТЫҢ ЖАРТЫСЫНЫҢ АЙЛЫҚ ТАБЫСЫ 50 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН АСПАЙДЫ



Қаңтардың 21-і күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесу өткізді, деп хабарлайды akorda.kz. Мемлекет басшысы өз сөзінде елімізде қалыптасқан ахуалды талқылап, халық игілігі үшін билік пен бизнестің өзара ықпалдастығына қатысты жолдарды айқындау қажет екенін айтты. Президенттің пайымдауынша, бүгінде біздің алдымызда бүкіл қоғамдық тыныс-тіршілікті түбегейлі трансформациялау міндеті тұр. Мұның стратегиялық мәні бар.

– Қағаз жүзіндегі әлеуметтік-экономикалық мәселе мен оның қазіргі шынайы жағдайының арасындағы алшақтық сын көтермейді. Сондықтан шұғыл түрде экономикалық саясатты қайта қарау жұмысына бірлесе кірісу керек. Таза, ашық және әділ іс-әрекеттердің жаңа тәртібін анықтаған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, аз ғана элиталық топтар ықпалының артуы және халықтың басым бөлігінің табысының азаюы қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндірді. Бұл қоғамның экономикалық, әлеуметтік, содан кейін саяси бөлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

– Ұлттық табыстың әділ бөлінуі бойынша теңгерімсіздік пен проблеманың бар екені айдан анық. Халықаралық сарапшылар (KPMG, 2019 жыл) Қазақстан байлығының жартысы 162 адамның ғана қолында екенін растап отыр. Осы ретте халықтың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайды. Бұл – жылына 1300 доллардан сәл ғана асады деген сөз. Мұндай ақшамен өмір сүру мүмкін емес. Бұлай жіктелу мен теңсіздіктің қауіпті екенін айтқан болатынмын. Жағдайды дереу өзгерту керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес-қауымдастықты осыдан сабақ алып, Жаңа Қазақстанның негізі болуға тиісті жаңа экономикалық саясатты қалыптастыру үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Президенттің сөйлеген сөзінде мынадай маңызды қағидағтар айтылды:

- әділ бәсекелестік;
- қабылданатын шешімдердің ашықтығы;
- мемлекеттік саясаттың болжамдылығы;
- бизнестің салықтық тазалығы;
- кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі.



(Жалғасы 2-бетте)

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Адам биіктеп өскен сайын тамыры жерге тереңдеп бойлай береді. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көп ойласа, өткенін соғұрлым көп білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Илияс ЕСЕНБЕРЛИН

ОЙ-УШҚЫН

## БАЙДАҒАН – БӘЙДІБЕК БАБА БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ

Бәйдібек (XII-XIII ғғ.) – Ұлы жүз құрамындағы Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Албан, Суан және Дулат тайпаларының түпкі бабасы. Оның ең кіші әйелі – Домалақ. Түркістан облысының Қазығұрт ауданындағы Ақпан батыр ауылында жасаған шежіреші Көпжасар Мәденұлы (1912-1997) Домалақ ана жөнінде былайша әңгімелеуші еді: «Ертеректе Сәдір ата, Бәдір ата, Сейіт Ахмет ата, Ұзын Хасен ата деген төрт кісі Бұхара қаласында ілім-білім алады. Бір күні үлкен дін басшысы бұл төртеуін алдына шақырып алып: «Сендер ілімге әбден жетілдіңдер, енді күнге күйген құлга ұқсаған, өзі зәңгі тәрізді қап-қара ешенді іздеп тауып, соның ізбасар шәкірті болыңдар», – дейді. Сөйтіп, Бұхара қаласынан шыққан төрт кісі Түркістанды бетке алып, даланы кезіп, жүре беріпті. Сонда қазіргі Ташкент қаласының маңайындағы жалаң далада сиыр бағып жүрген бір қап-қара адамға жолығыпты. Бұл – Зеңгі баба екен. Өзінің алдындағы төрт кісіні көрген кезде ол: «Сіздер қандай кісілерсіздер, бұл далада осылай жүрулеріңізге не себеп болды?» – деп сұрапты. Өлгі төрт кісі өздеріне ешен іздеп жүргендіктерін айтыпты. Сонда Зеңгі баба: «Мен барлық ғаламды іздеп шықтым, бірақ ешен тапқаным жоқ, ал, ілімдеріңізді толықтыру үшін сіздерге менің ұстаз болуым жеткілікті», – деген екен. Ахмет ата ішінен: «Қандай мақтаншақ, мен Сейіт әулетінен бола тұра, осы қара бақташының мұриді болуым керек пе?» – деп ойлапты. Бәдір ата да іштей: «Еріндері түйенікіне ұқсап салбырап, қандай мақтаналды?» – дейді. Зеңгі баба қасиетіменен Ахмет пен Бәдірдің өз сөзіне оншалықты ықылас таныта қоймағанын біледі. Төртеуінің ішінен өзіне деген сенімі мен пейіліне қарай бірінші Хасен атаның қолын алыпты. Кейінірек оны Сыр жағындағы елге пір болуға жұмсаған. Қазақтың Ұзын ата дегені осы. Екінші ретте Сәдір атаға бата беріп жібереді. Бәдір атаны да көп ұстамайды. Сейіт Ахмет ата кідріп, жіпсіз байланып, тұрып қалады. Оның істері кері кетіп, алға баспай-ақ қояды. Бірде ол Зеңгі бабаның жұбайына: «Маған көмектесіңізші, Зеңгі рұқсат берсін», – дейді. Сол уақытта Әнуар ана оған қарап: «Ол үшін Зеңгінің ықыласы түсетіндей бір амал жасау керек. Мен құманды қойныма орап жатып, таңертеңгі дәрет алатын суыңды қойныма алып, киізге оранып қатады. Зеңгі баба таңертеңгі уақытта оны көріп, аяғымен басып: «Бұл кім-ей?» – дегенде, киізге оранған кісі: «Сенің Ахметің, сенің Ахметің», – деп екі қайтара жауап береді. Ол үнемі шыққан тегін бетке ұстап, Сейіт екенін әсіре мақтаншы етіп, менменсіп, тәкапбарлық танытатын екен. Бұл жолы кішілігі ұстап, Сейіт сөзін тастап сөйлепті. Оған Зеңгінің сәл ғана іші жылыпты. Сейіт Ахмет ата киізден босанып, Зеңгінің аяғына құлап, сүйе бастапты. Зеңгі қатұланып, оған: «Орныңнан тұр!» – дейді. Ахмет ата орнынан тұрып, құманды Зеңгіге беріпті. Дәрет алып келгеннен кейін Зеңгі баба Ахмет атаға: «Сен бүгін кішіпейіл болуға ниет еттің. Содан да сыртың аздап тазарды. Бірақ ішің әлі онша таза емес», – депті. Сол күні Зеңгі Ахметке батасын беріпті. Ол: «Сен енді Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауидің жайына бар. Сол арада отырған шырақшы саған не берсе де Бәйдібекке бер», – деп рұқсат етіпті. Қожа Ахмет Йасауидің жайын күзеткен шырақшысына Мейір бегім деген қыз нәзірге түсіпті. Түркістанға барған уақытында Сейіт Ахмет атаға шырақшы осы қызды беріпті. Бұл кісі Зеңгі бабаның айтқанын орындап, Мейір бегімді Бәйдібекке сыйлапты. Міне, Домалақ ана осы. Нәзір – екі дүниеде де сұрауы жоқ, тағдыры сіздің қолыңызда, тарту садақа деген мағынада айтылып отыр». Қазанқп ақын да: «Домалақты біреулер қожаның қызы дейді. Онысы Ғаббас қожаға нәзірге түссе керек», – деп жазған. Зеңгі бабаның 1258-59 жылдары қаза болғанын ескерсек, онда Бәйдібек баба XII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп, XIII ғасырда көз жұмған болып шығады. Мұхаммед Хайдар Дулати гүргеннің «Тарих-и Рашиди» кітабындағы мәліметтерге назар аударсақ, оның түпкі бабасы Әмір Байдаған (Байдахан) XII-XIII ғасырларда өмір сүрген. Байдаған, Байдахан, Байдабек, Бәйдібек атаулары бір-біріне мағыналық жағынан өте жақын, түпкі түбірі – Байда екені көрініп тұр. Біздің ойымызша, Байдаған – Бәйдібек баба болуы ықтимал.

Құралбек ЕРҒӨБЕКОВ



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсетуге, капитал, тәжірибе, басқарушылар тобы мен нарықты дәл пайымдау сияқты ресурстарды экономиканы қайта құруға жұмсауға шақырды.

– Бүгінгі сөз болып отырған реформа «тартып алуды және қайта бөлуді» көздемейтінін тағы да қайталап айтамын. Бұл ақымақтық және жауапсыздық болар еді. Міндет – сіздерді, ұлттық буржуазияны еліміздің әлеуметтік-экономикалық моделін трансформациялау үдерісіне белсене атсалысуға тарту. Өндіріске инвестиция салу, сапалы жұмыс орындарын ашу және экспорттық әлеуетті арттыру бағытындағы игі істерге жауап ретінде мемлекет жеке меншікті қорғау бойынша кепілдікті арттыруға, тұрақтылық пен мемлекеттік реттеудің болжамдылығын қамтамасыз етуге, бәсекелестікті әкімшілік ресурстардың араласуынан, жемқорлық пен фаворитизмнен қорғауға дайын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Жаңа экономикалық бағытының негізін қалайтын басты қағидаттарға жан-жақты тоқталды.

Оның пікірінше, бірінші – жеке меншікке қол сұқпау. Бұл мәселеде ашық әрі әділ сот кепіл болуы тиіс.

– Сот жүйесін жаңғырту – маңызды мәселе. Біз тиісті шараларды, соның ішінде заңнамалық тұрғыдағы шараларды қабылдадық. Соттарға құқықтың әртүрлі салаларынан, оның ішінде корпоративтік сектордан жаңа мамандар тартылуда. Осының негізінде Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі жаңа сот алқасы құрылды. Сот ісіне мықты корпоративтік заңгерлер мен адвокаттардың тартылуы, әсіресе, өңірлерде инвесторлар мен бизнесмендердің мүдделерін сапалы қорғауын мейлінше қамтамасыз етеді. Жоғарғы Сот кеңесін және Жоғарғы Соттан судьялар корпусын жаңарту жұмысын белсенді жүргізуді сұраймын, – деді Мемлекет басшысы.

Жаңа экономикалық бағыттың екінші бөлігі – инвестициялық климат. Президент мемлекеттің барлық инвестициялық міндеттемелерді мінсіз орындайтынын тағы да мәлімдеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы бизнесмендерді қаржысын өз елімізге салуға шақырды.

– Егер, Сіздер, болашақтарыңызды Қазақстанмен байланыстыратын болсаңыздар, онда қаражаттарыңызды өз елімізге салыңыздар. Бұл – Сіздердің Қазақстан алдындағы әлеуметтік және саяси жауапкершіліктеріңіз. «Мұнда табыс табамыз, ал басқа жерде жұмсаймыз» деген қағидатқа жол берілмейді. Сондықтан жұмыс екі бағытта жүргізіледі: капиталды елге қайтарғаны үшін ынталандыру және қаражаттың офшорларға кетуіне жол бермейтін тосқауылдар қою, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атаған үшінші қағидат – шынайы бәсеке.

– Мұнда, ең алдымен, қолдан жасалған монополияларға талдау жасау қажет. Операторлардың, әсіресе, жеке операторлардың қызметі мүлдем тоқтатылады. Естеріңізде болса, бұрын «өтеп алушы» деген термин болатын. Жеке компаниялар тиісті төлем арқылы мемлекеттің бірқатар экономикалық функцияларын орындауды сатып алатын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

## ХАЛЫҚТЫҢ ЖАРТЫСЫНЫҢ АЙЛЫҚ ТАБЫСЫ 50 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН АСПАЙДЫ



Бұл жақсылыққа апармады. Үкіметке мұндай қызметке заңды түрде тыйым салуды тапсырамын. Барлық орындар бәсекеге ашық болуы тиіс. Нарықтарда қолдан жасалған көптеген делдалдық тізбектерді жою қажет. Бұл қордаланып қалған мәселені ешкімнің шешуге құлық жоқ. Экономиканы деолигополизация бойынша қатаң саясат қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Одан бөлек ірі кәсіпорындардың салық төлеу және есеп беру мәселелерін ретке келтіру қажеттігі туралы айтылды.

– Ірі компаниялардың салық төлеуі – күрделі мәселе. Қолымызда түрлі себептерді сылтауратып, салықты толық төлеуден жалтарып отырған алпауыттар жөнінде арнаулы органдар ұсынған мәліметтер бар. Премьер-Министрге осы мәселені түбегейлі шешуді және қазынаны тиесілі қаражатпен қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев тиімді салық саясаты туралы айта келіп, 2020 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттің кірісі 34,6 млрд доллар (14,6 трлн теңге) болғанын және бұл ІЖӨ-нің 20 пайызы екенін атап өтті.

– Аса маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу үшін бұл жеткіліксіз. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдерде мемлекеттік бюджеттің кірісі 40-50 пайызға дейін жетеді. Тіпті, біздің жақын көршілеріміздің өзінде бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары. Мәселен, Украинада – 31%, Ресейде – 35,4%, Қырғызстанда – 31%. Соңғы 10 жылда елдің ІЖӨ-дегі салықтың үлесі 9,9 пайыздан, 7,3 пайызға дейін төмендеп кеткен. Міне, сол себепті Ұлттық қордан бөлінетін трансфер де тым көбейіп кеткен. 2019 жылдан 2021 жылға дейін 12 трлн теңге, яғни 30 млрд долларға жуық қаржы жұмсалған, – деді Мемлекет басшысы.

Осы жағдай аса маңызды шешімдер қабылдауды талап етіп отыр.

– Бізге жаңа салық саясаты қажет. Ол астыртын китүрқы әрекеттерге жол бермейтін, бизнеске де, Үкіметке де ашық, түсінікті саясат болуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев атаған тағы бір маңызды мәселе – сатып алуларды реформалау.

– Мемлекеттік сатып алулар – өте үлкен экономикалық ресурс. Оны дұрыс пайдалану керек. Бізде бұл үлкен проблема. Сатып алуларды бәсекесіз жолмен алып жүргендердің үлесі әлі де басым. «Самұрық-Қазына» қорының компанияларындағы сатып алуларды ерекше назарға алу керек. Сатып алулар саласындағы сыбайластық, жасырын өткізу және бағаны жоғары қою мәселелерімен шұғыл түрде айналысу керек. Бір ай уақыт беремін. Егер шешімі табылмаса, өте қатаң шаралар қолданылады. Менің «Платон менің досым, бірақ, ақиқат қымбат» деген қағиданы берік ұстанатыныма көздеріңіз жеткен болар, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жүктеген алтыншы міндет – мемлекеттің экономикаға араласуын төмендету.

– Квзимемлекеттік секторды реформалау бойынша түбегейлі шаралар қабылдау керек. Бүгінгі таңда бұл 6,5 мың ұйым деген сөз. Кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің араласуына негіз болатын жағдайларды азайту мәселесін қайта қарау керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «Самұрық-Қазына» қорын реформалаудың перспективасына баса мән берді.

– Қазір Қор – өте үлкен құрылым. Жабықтық, «саяси маңызы бар адамдарды» тағайындау, сатып алулардың тиімсіздігі, еңбек қатынастарындағы даудамай, ауқымды жобалардың аяқсыз қалуы және тиімсіздігі, компанияны ұстап тұру шығындары – бұлардың бәрі қоғамның наразылығын тудырып отырған мәселелер. Күні бүгінге дейін мұнайхимия саласын қалыптастыра алмадық. Кеңес дәуірінде салынған зауыттарды қайта жөндеумен келеміз. Директорлар Кеңесі рөлі мен тәуелсіз директорлардың қатысуы көп жағдайда ештеңе шешпейді. Қорды түбегейлі реформалау міндетін жүктеймін. Бұл мәселе бойынша Алмасадам Сәтқалиевпен сөйлестім. Егер ол жүктелген міндетті атқара алмаса, өзі де, Қор да бірге кетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Жаңа экономикалық саясаттың жетінші элементі – әкімшілік кедергілерді азайту.

– Былтыр прокуратура органдары кәсіпкерлердің 2,5 мыңнан астам

шағымын қарады. Бәрі де қылмыстық қудалау органдарындағы лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттерімен және шешімдерімен келіспеу туралы шағымдар. Оның 1 мыңнан астамы қанағаттандырылды. Кәсіпкерлер (негізінен) полиция қызметкерлеріне, Экономикалық тергеу қызметіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлеріне шағымданған, – деді Мемлекет басшысы.

Бас прокуратураға осындай заң бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтап, кінәлі адамдардың іс-әрекеттеріне принципті түрде баға беру тапсырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, мемлекеттік органдар мен бизнес арасындағы диалог билік пен бизнес арасындағы консенсусты қамтамасыз етуге тиіс екеніне тоқталды.

– Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құрып жатырмыз. Біздің кездесуіміз бизнестің үнін билік естиді, салалық және құрылымдық саясатта барлық конструктивті ұсыныстар ескеріледі дегенді білдіреді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкімет жанынан Отандық кәсіпкерлер кеңесін құруды тапсырды. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық реформалардың әрбір бағыты бойынша бизнес өкілдерінің қатысуымен жобалық топтар құру қажеттігін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қорын құру туралы бастамасын қолдап, қаржы аударған бизнес өкілдеріне алғыс айтты.

– Мұның бюджет қоры емес, Қазақстан халқының қоры екенін тағы да қайталап айтамын. Сондықтан оның жұмысы ұзақ бюрократиялық рәсімдерсіз атқарылуы тиіс және батыл шешімдер қабылдануы керек. Көмек нақты, шұғыл және атаулы болуға тиіс. Ірі компаниялардың бәрі жыл сайын табыс салығының Үкімет белгілеген бөлігін пайдалы әрі қайырымдылық істермен айналысатын Қорға аударып тұрады. Бизнес-қоғамдастық бұл бастаманы шынайы түрде қолдайды және жобаларды жүзеге асыруда Қорға көмектеседі деп үміттенемін, – деді Президент.

Кездесу барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев, Eurasian Resources Group компаниясы иелерінің бірі Александр Машкевич, «Фридом Финанс» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Тимур Турлов, «Алтын Қыран» компаниялар тобының құрылтайшысы Исламбек Салжанов және басқалар сөз сөйледі.





**Б**із Қараменді батыр-би бабамыз жөніндегі алғашқы мақаламызда ол кісінің есіміне қатысты құпияға толы ауызша және жазбаша тарихи деректерге контент-лингвистикалық, салыстырмалы, эпистолярлық талдау жасап, бабамыздың нақты азан шақырып қойған есімін анықтауға қол жеткіздік. Ендігі мақаламызда біз әңгімені Қараменді Мұратұлының шежірелік жүйесіндегі Мұраттың арғы атасы Тоқарыс деген ру басының шынайы есімін нақтылауға қатысты деректерге азын-аулақ талдау жасауды жөн көреміз.

Ауызша және қазірге бар жазба шежіре-деректердің басым көпшілігінде «Тоқарыс» деген кісі есімі «Тоқарыстан» болып айтылып әрі жазылып, осы есім шежірелік және басқа да деректік материалдар айналымында орнығып қалғаны байқалады. Осы ретте, **Бексұлтан Нұржеке-ұлының**: «...Шежіре дегеніңіз шырғ еткізіп ағыта қоятын анау-мынау түйін емес. ...Бір-бірімізге пышақ ала жүгірмей, сан алуан шежірелерді сан түрлі жазба тарихпен салыстыра отырып, асықпай түйін жасауға тиіспіз» [**Бексұлтан Нұржеке-ұлы**. Қазақ тарихынан. – Алматы: «Жалын баспасы», -2019. -672 б. (183 б.)], – дей келіп, оның: «Жалпылай алғанда тарих та, оның жеке тұлғаларды тізімдейтін шежіресі де халықтың із жеке адамның қай кезде кімнен бөлінгенін, немесе қай кезде кіммен біркөнін баяндайды» [**Бексұлтан Нұржеке-ұлы**. Қазақ тарихынан. – Алматы: «Жалын баспасы», -2019. -672 б. (190 б.)], – дегенімен келісеміз.

Осы «Тоқарыс» деген баба есіміне қатысты көзқарасымды эпистолярлық материалдарға негізделе отырып, салыстырмалы талдау жасауда біз шежірелік жазбаларды басшылыққа аламыз. Мәселен, Өмірқұл Құлшықовтың «Қазақ шежіресі» атты шежірелік жазбасында: «Ененен бес бала болаты. 1. Қазақ. 2. Созақ. 3. Қалмақ. 4. Қарақалпақ. 5. Наурыз (*қырғыз*). Қазақтан – жалғыз ұл Алаш (*Алаш хан*). Алаштан үш ұл: 1. **Ақарыс** – ұлы жүз. 2. **Бекарыс** – орта жүз. 3. **Жанарыс** – кіші жүз» [Қожамқұл Ж., Құлшықов Д.Ө. Мүйізді Өтегеннің – мүйізді ұрпақтары: Тарихи публицистикалық шығарма. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2019. -280 б. (117 б.)],

«Өтеген батырды жоқтау» атты жырда: «Ақарыс пен Жанарыс, Және де бар Бекарыс, Қазақ болып тарайды» [Қожамқұл Ж., Құлшықов Д.Ө. Мүйізді Өтегеннің – мүйізді ұрпақтары: Тарихи публицистикалық шығарма. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2019. -280 б. (205 б.)], – деген өлең жолдары бар. Міне осы шежіредегі Үш Алаштың аттарын негізге ала отырып біздің арғы атамның есімін осылардың аттарына ұйқастырып, «Тоқарыс» деп ырымдап ат қою әбден мүмкін. Өйткені қазақ ырымшыл халық болатын болса, арғы тегіне ұйқастырып балаға ат қою, тіпті ұстанымға айналған деуге болады. Мәселен, Б.Нұржеке-ұлының, көне дәуірлерде албан, суан, дулат тайпаларының аты аталатынын айта келіп: «Мұнда не сыр бар? Біздің ойымызша, Албан, Суан, Дулаттарға берілген бұрынғы бабаларының атын қайта жаңғыртып қойған болуы керек, сірә» [Суан шежіре. Ұраны – «Бай Суан», Таңбасы – «Абак»/Құрастырушы: Сұлтанбек Ешмұхамбетов – Алматы: «Жалын», 1993. -144 б.(5 б.)], – деген. Бұл қазіргі кезде де қазақтың балаға ат қоюында сол ежелгі ырым-жоралғылық дәстүрлі мәдениет өз жалғасын тауып келеді. Сондықтан, біздің пікірімізше, Қараменді би-батырдың арғы атасының шынайы есімі **Тоқарыс** болғаны шындыққа жанасады. Бұл бір.

Екінші дәлелді жоғарыда аталған шежіренің «Бәйдібектен таралғандар» деген бөлімінде Бәйдібек атамның үшінші әйелі Домалақ анадан Жарықшақ (Тілеуберді), одан Албан, Суан, Дулат болғанын айта келіп: «Екінші баласы – Суан. **Суанның** 2 баласы болған: 1. Байтөкпей. 2. **Тоқарыс**. **Тоқарыстан** 2 бала: 1. Тұрлымбет. 2. **Мұрат**» [Қожамқұл Ж., Құлшықов Д.Ө. Мүйізді Өтегеннің – мүйізді ұрпақтары: Тарихи публицистикалық шығарма. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2019. -280 б. (128-129 бб.)], -десе, «Қазақ шежіресі» деген жазбада: «Суан – Бекарыс (лақабы Байтүгей), **Тоқарыс**, Абылғазы деп бөлінеді. **Тоқарыстан** – Мұрат, Орыс, Тұрламбет, Баубек» [Сәдібек Зайыр. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш.Құрымбайұлы). –Т.: Өзбекстан, 1994. -144 б. (76 б.)], -деген нұсқа беріледі. Мұнда да қазақтың



## ТОҚАРЫС ПА, ТОҚАРЫСТАН БА?

ағайынды адамдардың атын бір-біріне ұйқастырып қою дәстүрін анық байқаймыз. Т.Омарбековтың келтірген дерегінде: «Қазіргі шежірелер Суанның Бай және Дай деген балаларынан тарататын аталарды естен шығарып алған. Сондықтан да Суаннан бірденнен Бекарыс, **Тоқарыс**, Абылғазы деген аталарды таратады» [Талас Омарбеков. Қазақтың шығу тегі//Зерттеу. Тараз: «Сенім» ЖБО. –Тараз, 2019. -330 б. (121 б.)], – деп келтіріледі. Мұндағы біз үшін маңызды мәселе – Тоқарыс деген есімнің жоғарыдағы мәтіндерде **бес рет** қайталануы.

Бұдан екі түрлі тұжырымға келуге болады. Біріншісі – біздің Мұрат бабамыздың әкесінің шын аты – **Тоқарыс** болғаны анық айтылады. Екіншісі – осындағы **Тоқарыстан** – кімнен деген сұраққа жауап беретін шығыс септігінің жалғаныуынан кейінгі жазба деректерде «**Тоқарыстан**» деген сөз адам есіміне айналып кеткен деп есептейміз. Сонау П.П.Румянцевтің 1912 жылғы еңбектерін бастап, кейінгі энциклопедиялық, шежірелік жазба деректердің барлығында осы «Тоқарыстан» есімі қолданыста жүр. Бұл қазақ тіліндегі есім сөздердің лингвистикалық түрлену үдерісін дұрыс түсінбегендіктен қалыптасқан жаңсақ фонемалық әрі семиотикалық локуналық феномен немесе фразеологизм деп түсінеміз.

**Ендігі нақтылауды қажет ететін мәселе** – ол Қараменді батыр бидің туған жылы мен өмірден қайтқан жылдарын анықтау болып отыр. Басты күрделі мәселе – ол бабаның туған және өмірден қайтқан жылдары туралы әзірше тікелей нақты мәліметтердің болмауы. 1996 жылы жарыққа шыққан Бағыс – Суан шежіресінде де Жетісу Суандарының үнемі желдің өтінде, жаудың бетінде жүргендігі, олардың ішінен небір марқасқалар шыққандығы айтылады. Бұл мәселеде бір нәрсе анық – ол Қараменді бабаның ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлар аралығында өмір сүрген тұлға болатыны. Сондықтан, біз бұл тұста жанама материалдарға негізделе отырып анықтауға мәжбүр боламыз.

Осы тұста, хронологиялық мәліметтердің тізбегіне жол беретін болсақ, «Ұлы бабамыз **Бәйдібек 1356-1419** жылдары өмір сүрді. Оның туған жері – Ташкент қаласы» [Суан шежіре. Ұраны – «Бай Суан», Таңбасы – «Абак»/Құрастырушы: Сұлтанбек Ешмұхамбетов – Алматы: «Жалын», 1993. -144 б.(15 б.)]. Осы дерек Даниарбек Дүйсенбаевтың «Домалақ ана» атты (1991 ж.) еңбегінде де көрсетілетіні айтылады [Бәйдібек баба – Алып бәйтерек. Суан ұрпақтарының шежіресі. Түз. толыт. 2-ші бас. Алматы: «Нұрлы Әлем» баспасы, 2014. -672 б.(8 б.)]. Ал Нысанбек Төреқұл: «Бәйдібек Қарашаулы **1356-1442** жылдары шамасында тұрмыр кешкен қазақтың аты биі әрі батыры» [Төреқұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2006. -592 б. (44 б.)], – деп жазады. Ал «Жарықшақ **1398-1475** жылдары өмір сүрді» [Суан шежіре. Ұраны – «Бай Суан», Таңбасы – «Абак»/Құрастырушы: Сұлтанбек Ешмұхамбетов – Алматы: «Жалын», 1993. -144 б.(17 б.)], – деп айтылады. Бекболат Көбейұлының жинақтауымен жарық көрген Бағыс Суан шежіресінде: «Қазба деректерде

әйгілі бай, батыр, ұлан ғасыр ұрпақтардың арғы бабасы, ұлы баба **Бәйдібек 1356-1419** жылдары, әулие ана **Нұрилла 1378-1456** жылдары, Нұриладан туылған **Жарықшақ 1398-1475** жылдары өмір сүргендігі айтылған. Сонда Нұрилла ерінен **22** жас кіші. Жарықшағын **20** жасында туған болады» [Бағыс – Суан; Шежіре. – Алматы: Нұрлы Әлем, -1996. -240 б. (11-12 бб.)], – деп көрсетеді.

Ақын Дүйсенбай Сүттібайұлы өзінің 1924 жылы жазылған «Нұрилла» деген дастанында:

...Нұрилла жаралғандай ақыл-нұрдан  
Қыздардың сұлтаны еді елде тұрған.  
Он тоғыз жасқа келіп сол Нұрилла,  
Бәйдібек бабамызбен неке құрған.  
Ұлы ана сол некеден бағын бағын тапты,  
Келтірді дүниеге Жарықшақты.  
Әйелі боп атаның – Албан, Суан  
Және Дулат – барлығы үш ұл тапты  
[Сүттібайұлы Д. «Нұрилла». Дастан-толғау, 1924], – деген жыр жолдары жоғарыдағыны растай түседі.

Осы деректерге негізделе отырып, салыстырмалы талдау жасап көрсек, «Шежірелік дастандар» деп аталатын «Бабалар сөзі» 100 томдық шығарманың 32 томы «**Үш жүздің шежіресі**» атты дастанда: «**Жарықшақ** кіші әйелден жалғыз туған. Осы кез **он төртінші ғасыр еді...**» [Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т.32: Шежірелік дастандар. -432 б. (142 б.)], – деген жыр жолдары бар. Сонда Бәйдібек баба мен Жарықшақ (Тілеуберді) бабаның дүниеге келген жылдары дәйектеліп, әкелі-бала екеуінің де **XIV ғасырда** дүниеге келгендері, әсіресе Жарықшақ (Тілеуберді) бабаның туылған жылы мен дастанда айтылған ғасыры сәйкес келеді. Егер **Бәйдібектен (1356-1419) – Жарықшақ (1398-1475)** көрсетілген жылы туылса, онда сол кезде **Бәйдібек 42** жаста болып шығады. Ал «...**Нұрилла 1378-1456** жылдары өмір сүрді. ...Нұрилла **1456** жылы мамырдың **28-жұлдызында** бейсенбінің кешінде қайтыс болды» [Суан шежіре. Ұраны – «Бай Суан», Таңбасы – «Абак»/Құрастырушы: Сұлтанбек Ешмұхамбетов – Алматы: «Жалын», 1993. -144 б.(17 б.)], – деп көрсетіледі. Нұрилла ананың туылған жылы мен Жарықшақтың туылған

жылдарын салыстыратын болсақ, ол кезде Домалақ ана **20** жаста болып шығады. Бұдан Жарықшақ (Тілеуберді) бабаның туылған жылы шындыққа жанасады деген тұжырым жасауға негіз туындайды деп айта аламыз.

Ал Жарықшақтың (Тілеуберді) үш ұлы болғаны аталмыш дастанның келесі жолдарында: «Жарықшақтан **Суан**, Албан, Дулат туған, Көптігімен кең байтаққа құлаш жайған. **Суан** да алған екен екі қатын, Төрт бала мұнан туып қанат жайған. Бәйбішеден Бәйтүгей, **Тоқарыстан**, Қанбағыс, Досбағыс деп атын қойған. [Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т.32: Шежірелік дастандар. -432 б. (143 б.)], – деп жырланады. Тарихтың шындығы: Албан, Суан, Дулат болатыны. Дүйсенбаев Даниарбектің мәліметі бойынша, «**1452** жылы Жарықшақ Жетісу өлкесінің ұлысбегі қызметін ұлдарына тапсыру туралы Есенбұғаға тілек қояды. Оған үш ұлы – Албан, Суан, Дулат қайсысы лайықты? ...Бұған Нұрилла ана араласып, ұлысбегі қызметіне Дулатты нұсқайды. ...Ол кезде Дулат **жиырма алты жаста болатын**. Дулат Жетісуды түгел өзі билейтінін мәлімдеді» [Суан шежіре. Ұраны – «Бай Суан», Таңбасы – «Абак»/Құрастырушы: Сұлтанбек Ешмұхамбетов – Алматы: «Жалын», 1993. -144 б. (16 б.)], – деген дәйекті аламыз. Сонда 1452-жылдан 26 жасты шегеретін болсақ, Дулат бабаның туылған жылы жоғарыда көрсетілген **1426** жылмен сәйкес келіп тұрғанына куә боламыз. Бағыс Суан ұрпағы Бекболат Көбейұлының жинақтауымен жарық көрген Бағыс Суан шежіресінде: «Деректерден Албан, Суанның туылған жылдарын кездестірмедік. Дулат **1426-1506** жылдары өмір сүрген делінеді. Құйма құлақтардың айтуынша Суан Дулаттан сегіз жас үлкен болған. Олай болса (Суан – Д.С.) **1418** жылы туылған болады» [Бағыс – Суан; Шежіре. – Алматы: Нұрлы Әлем, -1996. -240 б. (12 б.)], – деп айтылса, осы мағлұматты **Қалаубек Тұрсынқұлов**: «Деректерде Дулаттың **1426-1506** ж. өмір сүргендігі, оның Суаннан **сегіз жас кішілігі** айтылады. Сонда Суан **1418** жылы туылған болады» [Дүйсебеков Елік. Суан – Бағыс шежіресі. – Алматы, -2012. -224 + 24 бет қосымша. (7 б.)], – деп ықшамдап қайта келтіреді. Олай болса, **Суан** бабаның **1418** жылы дүниеге келгенін назарға алуға болады.

Ал егер **Суан** бабаның (**1418**) жылы дүниеге келгенін мойындайтын болсақ, бір деректе «Суан елі Бәйтүгей (Бекарыс – Д.С.), Тоқарыстан (Тоқарыс – Д.С.) болып ірі екі руға бөлінеді» [Болатхан Нұрғалиұлы «Құтты қоныс және Суан ұрпақтары» – Алматы, 2002. -42 б. (1 б.)], – деп айтылса, екінші деректе де **Суанның** екінші әйелі Басеннен: **Бәйтүгей** (Бекарыс – Д.С.), **Тоқарыс (кенжесі)** сынды ұлдардың дүниеге келгенін айтылады [Суан шежіре. Ұраны – «Бай Суан», Таңбасы – «Абак»/Құрастырушы: Сұлтанбек Ешмұхамбетов – Алматы: «Жалын», 1993. -144 б. (41 б.)]. Ал Бәйтүгейден **Елтінді** батырдың шыққаны тарихта айтылып, оның туылған жылы шамамен **1598** жыл деп көрсетіледі [Бәйдібек баба – Алып бәйтерек. Суан ұрпақтарының шежіресі. Түз. толыт. 2-ші бас. Алматы: «Нұрлы Әлем» баспасы, 2014. -672 б.(18 б.)]. Осы датаны есепке алатын болсақ және **1643** жылы Орбұлақ шайқасының болғанын [Қазақ батырлары. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен. Құрастырған К.Табылдиев. – Астана: Фолиант, 2008. -360 б. (336 б.)] ескерсек, ол кезде **Елтінді** батыр **45** жаста болады. Бұны да шындыққа жанасады деуге болады.

**Дәулетбек РАЕВ,**  
философия ғылымдарының докторы.  
Алматы қаласы.

### Автор туралы мәлімет:

Раев Дәулетбек Садуақасұлы Алматы облысы, Панфилов ауданы, Пенжім ауылдық округындағы Ават ауылының тумасы. 1976 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің философия және экономика факультетіне оқуға түсіп, 1981 жылы аталмыш факультетті Философия мамандығы бойынша тәмамдаған. 1981 жылдан бүгінге дейін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде кафедра меңгерушісі, Халықаралық қатынастар факультетінің деканы қызметтерін атқарған. Әлеуметтік философия саласы бойынша «Қазақ шежірелік өнері философиясы» тақырыбында 2003 жылғы докторлық диссертация қорғады. Ғылыми дәрежесі: Философия ғылымдарының докторы, профессор. Қазір Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Жоғары оқу орнынан кейінгі факультеті кафедрасының профессоры қызметін атқаруда.





2021 жылдың 16-шы желтоқсаны – дәл Тәуелсіздік күнінде Алматыдан туған жерім Жаркент өңіріне бет алдым. Жол-жөнекей 2002 жылдары Қытайдан Жерұйық ауылына (Нағарашы) қоныс аударған ауылдас інім, Алматыдағы №98 орта мектепте мұғалімдік қызмет атқаратын Биболат Әбіләкімұлын ала кеттім. Жол қысқарсын деген мақсатпен Биболат екеуіміз біраз әңгіменің басын қайырдық. Бала кезінен тарихи әңгімелер мен жыр-дастандарға құмартын өскен Биболат өзінің Қазақстанға келгенге дейін Қытайдың Бұратола аймағында туып-өскенін, сол өңірде Суанның Ақша руынан шыққан батырға қатысы бар «Шейіт сай» деп аталатын тарихи орынның барлығын әңгіме арасында айтып қалды. Мен тосын дерекке қызығушылық танытып, қазбалап сұрай жөнелдім. Биболат бала кезінде атасымен бірге сол «Шейіт сайдағы» тас үңгірде жатқан мүрдені өз көзімен көргендігін, жүз жылдан бері беті ашық жатса да мәйіттің бұзылмай, қалпын сақтағандығына таңданыс білдірді. «Өкініштісі сол, осыдан оншақты жыл бұрын «Шейіт сайдағы» батырдың мүрдесі жоғалып кетті деген әңгіме шықты», – деді сосын әңгімесінің аяғын көңілсіз сабақтап. Жерұйық ауылына жеткенше арғы беттегі өзі білетін біршама тарихи оқиғаларды баяндап берген Биболат қоштасар сәтте «Шейіт сай» туралы қытайдағы қаламгерлердің жазған дүниесі болса тауып беруге уәде етті. Міне, ендігі сәтте Қытай Халық Республикасының Бұратола облысында тұратын белгілі қаламгер Хамит Әбдіхалықұлының «Шейіт сай туралы деректер» атты мақаласы қолымызға тиіді. Мақаланың түпнұсқа тақырыбы осылай. Ғаламторға жүктелген мақала төте жазумен сканерлеп берілді. Мақаланың жоғарғы жағына аудио нұсқасы да ілінген екен. Төте жазуды танымайтын біз үшін бұл үлкен олжа болды. Аудио мақаланы тыңдай отырып, автордың жазу ерекшелігі мен өзіндік стилін барынша сақтауға, бір әріпін бұзбауға тырыстық. Ел аузында жүрген аңыз-әңгімелерді нақты деректермен толықтырып, толымды дүние жазып шыққан Хамит Әбдіхалықұлы ағамызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Біз бұл уақиға жайлы бәлкім ел ішіндегі көнекөз қариялар білетін болар, естігендерін естеріне түсіре жатар деген оймен көшілікке ұсынып отырмыз. Оқыңыз, ой қорытыңыз, айтарыңыз болса қасиетті қаламға жүгініңіз.

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ,  
«Жаркент айнасы» газетінің директоры.



Бұратола облысы, Арасан ауданының онтүстігіндегі алып Ерен тауының бір сілемі ұлан үйсін тауының теріскей етегіндегі шағын тас үңгірде қаншама ғасырларды басынан өткергені белгісіз, маңайындағы елге жұмбақ болып бір адамның мүрдесі жатыр. Бір ғасырдан астам уақыттан бері ел-жұрт бұл араны «Шейіт сай» деп атасып кетіпті. Бұл тылсым көріністі көзімен көргендер тосын ойға қалып, бұл кімнің мүрдесі, бұл араға қалай келіп қалды, қандай уақиғамен байланысады деп таңдануы әбден мүмкін.

Бірсыпыра жылдардан бері белгісіз мүрде туралы әркім әртүрлі әңгіме айтып келеді. Оның бәрін ауызекі әңгіме десек те ақын апамыз Шәкура Ахметжанқызының «Берікбол мен Айгүл» атты дастанының көрсетуі бойынша тас үңгірдегі шейітті Берікболдың мүрдесі деп тұрақтандыруға болар еді. Алайда сан алуан алып қашпа жорамалдардың көлденең болуына байланысты апамыз жырлаған тарихи дастанның аңызы шындығына көз жеткізердей дәлел факт табылмай келеді. 2001 жылы автономиялық районды партия мектебінде үйренудегі кезім еді. Түстен бұрынғы үйренуді аяқтатып, түстен кейін дағдымыз бойынша мектеп кітапханасына бардым. Көзім бірден жаңа келген Шинжян суретті журналдың бірінші санына түсті. Ақтарып отырып «Көрікті қала Арасан» атты суретті хабарды оқып қуандым. Туған жерім туралы суретті берілім екен. Бірақ соңғы бір суретті көріп таңырқап қалдым. Яңшың Сай атты фототілші өзінің «Көрікті қала Арасан» атты хабарында Арасан ауданы, Ортақсары өзенінің онтүстігіндегі Тілеубек деген малшының жаз жайлуының шығысындағы «Шейіт сайдың» үңгірінде жатқан мүрденің арғы астарына бойламай, тексеріп зерттемей, құр қиялмен оған Мұңғұл пұтханасы деп түсінік беріп, фото суретке түсіріпті. Бұл – сорақылық жұрт көңіліне жақпағаны былай тұрсын, тарих, археология жағында ізденіп жүрген зиялы қауымды зор өкінішке қалдырды. Сондықтан «Шейіт сайдағы» шейіттің кім екендігі, қандай тағдыр, қандай себеппен осы күйде қалғаны жайлы әңгіме өрбіту үшін Арасан ауданы, Бұратола қаласы, Қорғас ауданы қатарлы аудан-қаладағы үлкендерден бұл



«Шейіт сайдағы» мүрдеге байланысты аңыз-әңгімемді жинақтап жаза бердім. Сөйтіп бірнеше жыл іздену арқылы «Шейіт сайдағы» деректер» атты зерттеу мақалам 2005 жылы жарыққа шыққан еді. Зерттеу мақаланы жазу барысында біз алдымен көнекөз қариялардың өз көзімен көрген шындық деректермен Суан тайпасы Ақша руының шежіреші ақсақалдарының аузынан айтқан шындыққа бейім тұжырымдарына негізделіп, жүйелі көзқарас білдіруіміз керек екен.

Ұлы жүз Үйсін бабамыз Бәйдібек би үш әйел алған. Үлкен әйелі Сарыдан сегіз ұл болған. Ортаншы әйелінен Ысты, Ошақты, Шапырашты туған. Тоқалы Домалақ анадан Жарықшақ жалғыз туылған екен. Осы Жарықшақтан Дулат, Албан, Суан елі тарайды. Суаннан Байтүгел, Тоқарыс.

## ҚЫТАЙ ЖЕРІНДЕГІ «ШЕЙІТ САЙ» ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Суан Ақша руынан екен. Олардың ата тегін жіңішкелеп таратсақ, Есдәулеттен – Қаражан, Ораз, Қалаулы, Елеулі, Абайлы, Мәңке, Мұратбек тарайды. Мұратбектен – Солтанбек, Қасымбек, Ахметбек, Дүйсенбек, Мұқажан, Нүсіпжан, Дүйсенбай қатарлы жеті ұлы мен Айжан атты жалғыз қызы болып, сегіз ағайынды екен.

Біз жазбақыша уақиғаның басталуы былай екен: 1866 жылы Торғыт (бәлкім Торғауыт – ред.) мұңғылдары Арасан ауданының Биешек тауынан асып, қазіргі Қазақстанның Қоңырөлең деген жерінде отырған Суан Ақша елінің қалың жылқысын қуып алады. Көп өтпей Ақша елінің сол кездегі биі Әтейбектің басшылығында көлемді кеңес өткізіліп, Ақшаның Бекболат руынан Жидебай батыр, Әпсүгір руынан Шойнақ батыр, Байтүгел руынан Ұранбай, Насыбек қатарлы батырлар бастаған бір топ азаматты мұңғылдар қуып әкеткен жылқыны қайтарып әкелуге аттандырады. Ру билеушілерінің осы тапсырмасы бойынша жолға шыққан жүз неше азамат Бұратола өңіріне өтіп, өз жылқыларын бірден тауып алады. Алайда барымташылар олардың ырқына көнбей, сол арада неше күн андысып соғыс жасайды. Солтанбек Мұратбекұлы осы жолғы айқаста өзінің найзагерлік өнерімен көзге түсіп, барымта малды қайтарып алуда ерекше ерлік көрсетеді. Қайтқан малды алдарына салып айдаған олар Солтанбек бастаған бірнеше жігітті артқа қалдырып, қуғыншыдан сақтанға қояды. Іс жүзінде қайтқан малдың соңынан қуған мұңғыл қуғыншылары Солтанбектермен қиян-кескі ұрыс салып, Солтанбек осы реткі ұрыс үстінде жараланады. Оқ тиген денесінен көп мөлшерде қан ағып, жалғыз өзі үңгір тасқа келіп жасырынып қалады. Тірліктен күдерін үзген ол аппақ жейдесіне қанымен хат жазып, астына мінген шабдар қасқа атының жалының астына жасырады да, ер тоқымын алып қоя береді. Өзі сол тас үңгірде жан үзіп, қалып қояды. Арада бірталай күн өтсе де Солтанбектің жершіл шабдар қасқа аты Арасан ауданының қазіргі Биешек жайлауынан асып, ер тоқымсыз күйде қазіргі Қазақстан жері Қоңырөлеңдегі Солтанбектің ауылына келеді. Атты алдымен көрген Солтанбектің қарындасы Айжан бір сұмдықтың болғанын сезіп, ат жалын құша өксіп жылайды. Әрі ағасы жөнелткен хатты да тауып алады. Хат мазмұнынан Солтанбектің қайтыс болғанын, жатқан орны мен уақиғаның себебін біледі. Екі аралық тым шалғай

Байтүгелден – Құдайберді, Сатай, Елшібек, Молақ, Көген. Тоқарыстан – Тұрлымбет, Мұрат, Тұрлымбеттен – Қошқар, Тұрсын, Үмбетай, Бөлек. Мұраттан – Қараменде, Қарабек, Шегірек, Әпсүгір, Орыс, Жәдігер. Орыстан – Хангелді, Мырзагелді. Хангелдіден – Ақша, Солтанғұл тарайды. Ақшадан – Есдәулет, Естемес, Бекболат, Байтүгел қатарлы төрт бала тарап, оларды «Төрт Ақша» деп атайды. Ақша руы Суанның белді руы есептеледі. Тарихта Ақша елі Қазақстанның Жаркент, Қоңырөлең деген жерлерін мекен етіп, кейін бір бөлімі еліміздің Қорғас өңіріне қоныс аударған екен. Тілімізге тиек болғалы отырған «Шейіт сайдағы» белгісіз мүрде осы Ақша елінің бір баласы Есдәулеттен тарайды. Яғни аты-жөні Солтанбек Мұратбекұлы. Ұлты – қазақ. Елі – үйсін



болуына байланысты әрі қоңыр күз келіп биік тау бастарын қар басып қалғандықтан Ақша елінің атқамінер азаматтары Солтанбектің сүйегіне сол жылы бара алмай, келесі жылында бір топ адаммен Биешек асуынан асып Ортақсары өңіріне келеді. Әрі ұрыста өліп, көмусіз қалғандарды жерлейді. Олар Биешек тауының теріскейіндегі Қарағайты деген жерден тоғыз үлкен ошақ қазып, нәзір өткізеді. Хаттағы өсиет бойынша Солтанбектің мүрдесін қозғамай, сол тас үңгірге қалдырады. Тек мүрде жатқан үңгірдің сол жағындағы жуан тасжарғанға «Солтанбек Мұратбекұлы» деген жазуды ойып, таңбалайды. Сондағы нәзір берген жерошақтың орны мен үш үлкен зираттың тарпы қазір де бар. Кейіндеп ел-жұрт осы араны «Тоғыз ошақ» деп атайды.

Бұрынғы өткен Солтанбек ауылындағы қариялардың айтуынша ол қайтыс болғанда жиырма бір жаста екен. Ал енді бұл уақиға қай кезде болды дегенге келсек, сөзді көнекөз қарияларға беруге тура келеді. Кезінде Үш аймақ төңкерісінің батыры атанған разведкалы лейтенант командирі (*өзгертпей алдық – ред.*), бұл күндері жасы сексенге таяған пенсионер Омар Жұмаділұлы (*немесе Жұмадиұлы – ред.*) былай дейді: «1951 жылы Баркөлдегі әскери штабтан рұқсат алып, ауылға келген бір сапарымда жерлік бай Керім ажы бастаған бір топ адаммен бірге «Шейіт сайға» бардық. Үлкендердің әрекетіне ілесіп әруаққа арнап тілек қылдық. Біздің сәл алдымызда Іленің Қорғас ауданына келдік деп бір топ адам келген екен. Олар «біз Суан ішінде Ақша деген ел боламыз. Мына жатқан шейіттің аты Солтанбек. Біздің жақын аталас туысымыз болып келеді. Бір жолғы



орта мөлшерінде болған екенін айтып ескертеді.

Ауыл шаруашылық бесінші дивизиясы 87-ші пән алаңында тұратын 92 жастағы Нұрахмет ақсақал былай дейді: «Біз 1932 жылы Қазақстанның Алакөл ауданы Жайпақ ауылынан көшіп келіп, Арасан ауданына орналастық. Келесі жылы – 1933 жылы жерлік бай мұңғылдың қойын бағып, Ортақсары тау баурайын қыстадық. Әр жолы қой жая барған кезімізде «Шейіт сайға» үнемі барушы едік. Мүрденің басы жағындағы үңгірдің түбіндегі үлкен тасжарғанға Солтанбек Мұратбекұлы деген сөздер ойылып жазылыпты».

Арасан ауданы Әңгілік ауылында тұратын 82 жастағы Мұқаш Тақабайұлы: «Мен 1952 жылы Қарабұқа деген жерде безгек болып, ұзақ уақытқа дейін сол аурудан айыға алмадым. Ақыры үлкендердің жол көрсетуі бойынша «Шейіт сайға» бір күн түнеп, адакүде сауығып кеттім. Сол рет үңгірдің басындағы жуан тасжарғанға жазылған Солтанбек Мұратбекұлы деген жазуды көргенім әлі есімде сайрап тұр», – дейді.

Жоғарыдағы тарихи деректерге негізделгенде «Шейіт сайдағы» мүрденің махаббат құрбаны Берікболдың да, фото тілші Яңшын Сай жазғандай мұңғыл пұтханасы да емес екенін көруге болады. Егер шалағай тілші Яңшын Сай жазғандай болса, мұңғылдардың тауап қылатын сүмесі болса, салынған сүме құрылысы болуы, сүме ішінде ламасы, гешілдері болуы керек еді. Мүрде жатқан «Шейіт сайдың» орны иен дала болып, жақын маңайында үй-жай, қора-қалтқы да жоқ. Сондықтан мұны мұңғылдың пұтханасы деп жазу шындыққа мүлде үйлеспейді.

Бұл күндері аты аңызға айналған «Шейіт сай» өңірін зират етуге келген әр ұлт халқы, тіпті шетел саяхатшылары оның қаншама тарихты бастан кешсе де қалпын құрғатпай, баяғы сол күйін сақтаған тозбас тұлғасына таңдай қаға қайран қалып, тас үңгірдегі мүрденің кімдікі екенін білгісі келетіні барша жұртқа мәлім. Осы жайындағы сан алуан сұрақтарға жауап бере алмай кібірткітегеніміз осы өңір азаматы біз жөнінен алғанда аса ұятты әңгіме екен. Осындай қынжылыстан арылу, Яңшын Сай сияқты шалағай тілшілердің өтірігін ашу мақсатымен бірнеше жыл ізденіп, қажетті дерек көздерін жинап, «Шейіт сай» туралы тұңғыш зерттеу мақала жазып отырмын. Әрі осы зерттеу мақала арқылы «Шейіт сайдағы» мүрденің ұлты – қазақ, руы – Суан ішінде Ақша болып, аты-жөні – Солтанбек Мұратбекұлы екендігін, мүрденің тас үңгірге жатқанынан бері 140 жылға таяу уақыт өткенін ескертпекпін.

2003 жылы біз мамандармен бірге «Шейіт сайдағы» мүрдеге анализ жасадық. 140 жыл болған мүрденің қазіргі биіктігі 1,52 метр. Маңдай кеңдігі 0,12 м. Бет кеңдігі 0,13 м. Иық кеңдігі 0,28 м. Білек ұзындығы 0,68 м. Аяғының ұзындығы 0,72 м. Табаны 0,20 м. келеді. Антропология және археология

мамандары Солтанбектің жасы 19-дан асқан, бойының биіктігі 1,90 метр келеді деген қорытынды шығарды.

Бұл сандық мәліметтер Солтанбек Мұратбекұлының Қорғас ауданында тұратын туыстары 1951 жылы Омар Жұмаділұлына (*немесе Жұмадиұлына – ред.*) әңгімелеп берген «Солтанбек шейіт болудан бұрын 21 жастағы бойшаң, қарулы жігіт екен» деген деректердің шындық екендігін дәлелдейді. 2007 жылдары Арасан аудандық Халық үкіметі «Шейіт сайдағы» мүрдені автономиялы район дәрежелі мәдени мұрағат қатарына жолданып, материалға «Шейіт сайдағы» мүрденің аты «Солтанбек Мұратбекұлы. Ер. Қазақ. 20 жас» деп айқын жазылды. Кейін «Шейіт сайдағы» мүрдені әйнек сандыққа салып аудан орталығына жөткейміз бе, жоқ мүрденің жатқан жеріне құрылыс салып, мүрдені сол жерге орналастырамыз ба деген жұмыстардың дайындықтарын шұғыл істеп жатқанда, яғни 2009 жылы «Шейіт сайдағы» мүрде аяқ астынағайып болып, із-түзсіз жоғалды.

Содан кейінгі бірнеше жыл барысында Арасан аудандық қоғам қауіпсіздік тараулары да жан-жақтылы барлау жүргізсе де делоның көзін аша алмады. Тек қоғамда айтылып жүрген қауесеттерден Шыңғысхан кино



сценариясын суретке алушылар әкетті десе, кейбіреулері дүңгендер алып ішкі өлкедегі үлкен зерттеу орындарына жасырын сатып жіберді деген алып қашпа сөздерді ғана естідік.

2019 жылы 4-ші айда Бұратола қалалық Халық сот мекемесінің Бұратола қаласының тұрғындары Хихум Аршыдин, Өміржан Мамыт, Әбдірейім Солтан, Тоқты Сайыт, Маттоқты Хикм қатарлы, сілөмізім, уахаби тобының діни ұшқары кербакпа элементтері үстінен қозғаған қылмыстық адақтауынан «Шейіт сайдағы» мүрденің жоғалып, ғайып болу барысынан хабар таптық. Қылмыскерлер

2009 жылы бір жерге бас қосып, «Арасан жақта бір шейіт бар екен. Сол шейіттің көзін құртайық» деп ақылдасып, Арасан ауданы Ортақсары өңіріне барып қараңғы түндегі қалың нөсерге қарамай «Шейіт сайдағы» мүрдені жасырын алып түсіп, етектегі қарағайдың түбіне жасырып қойыпты. Ертесі ұрлап әкелген Солтанбектің мүрдесін Ортақсары өзен жағасына апарып, жандарындағы жеміс аршитын бәкісімен боршалап, өзен суына ағызып жіберіпті. Сөйтіп «Шейіт сайдағы» мүрде мәңгі ғайып болыпты.

Бұратола Халық сот мекемесі заң бойынша қылмыстың істер өкімін жариялап, Хихум Аршыдинге мерзімді 20 жылдық қамау жазасын, Өміржан Мамыт мерзімді 20 жылдық қамау жазасын, Әбдірейім Солтанға мерзімді 19 жылдық қамау жазасын, Тоқты Сайытқа мерзімді 19 жылдық қамау жазасын, Маттоқты Хикмге мерзімді 18 жылдық қамау жазасын беруді ұйғарып, еліміздің заң тәртібінің қатандығын әйгіледі. Сондай-ақ қоғамға қанағаттандырыллық жауап қайтарды. Мәдени мұрағат дегеніміз бір өңірдегі халықтың тарихын, наным-сенімін, тұрмыс-тіршілігін, таным-түсінігін зерттеуде табылмас құнды бейзаттық материал болғандықтан, ертеден сақталып келгендіктен оны қайта қалпына келтіру мүмкін емес.

**Жоғарыдағы тарихи деректерге негізделгенде «Шейіт сайдағы» мүрденің махаббат құрбаны Берікболдың да, фото тілші Яңшын Сай жазғандай мұңғыл пұтханасы да емес екенін көруге болады. Егер шалағай тілші Яңшын Сай жазғандай болса, мұңғылдардың тауап қылатын сүмесі болса, салынған сүме құрылысы болуы, сүме ішінде ламасы, гешілдері болуы керек еді. Мүрде жатқан «Шейіт сайдың» орны иен дала болып, жақын маңайында үй-жай, қора-қалтқы да жоқ. Сондықтан мұны мұңғылдың пұтханасы деп жазу шындыққа мүлде үйлеспейді.**

мұңғылдар әкеткен барымтаның артынан қуған ұрыста шейіт болған екен. Содан бері сексен бес жыл өтіпті. Біз де осы марқұмның басына тілек оқығалы келдік» деді. Қарасақ, расында шейіт жатқан үңгірдің бас жағындағы жуан тасжарғанға Солтанбек Мұратбекұлы деген жазу бәкімен ойылып жазылған».

Осы дерек бойынша есептесек Солтанбектің қайтыс болуына себеп болған уақиға 1866 жылы болған сияқты. Қорғас ауданында өмір сүрген Нақысбек деген ақсақалдың әкесі 1891 жылы Солтанбек уақиғасына байланысты әңгімені айтып отырып, сол жолғы мұңғылдар барымталаған жылқыны сонынан қуған топтың арасында өзінің де бірге болғанын, Солтанбек Мұратбекұлының жау қолынан шейіт болғанын ерекше бір әсермен баласы Нақысбекке айтып беріпті.

Кезінде Қорғас аудандық азық-түлік серіктігінде істеп, сол орыннан зейнетке шыққан, 1979 жылы 81 жасында дүниеден қайтқан Нұрбек Бейсенбайұлы және Мәмбетқұл Әбдірешит Ерасылұлы қатарлылар «Шейіт сайдағы» мүрденің Солтанбек Мұратбекұлының мүрдесі екендігін, уақиға 19-шы ғасырдың



**Панфилов ауданының жер бедері әр түрлі болуына байланысты ішкі сулары да әркелкі келеді. Жауын-шашын көбірек түсетін биік таулы аймақтары өзенге бай, оңтүстік жазық аймақтарында өзен торы сиреп құмға сіңіп кетеді. Аудан өзендері ішкі тұйық, Балқаш көлі алабына жатады.**

Жаркент өңірінің өзен торлары Жетісу Алатауының оңтүстік тау жүйелеріндегі мұздықтардан басталып, Балқаш алабына, яғни Іле өзеніне құяды. Негізгі су қайнары болып ауданда Жетісу Алатауының оңтүстік еңістерінен Іле өзеніне қарай ағатын Үсек өзені мен Қорғас өзені. Елеулі ағынды Тышқан, Шежін, Бурақожыр мен Бұрхан өзендері саналады. Оларға тау беткейлеріндегі бұлақтардан, жауын-шашындардан жинақталған сулар келіп қосылады. Өзендердің су тасуы режимі наурыз айынан басталып, тамыз-қыркүйекте бітетін көктемдік, жаздық су тасу мезгіліне жатады. Ауданның барлық өзендерінің сулары жылы кезде максималды түрде шығындалады. Олар қар мен мұздықтардан пайда болған. Бірақ кейбір жағдайларда су тасудың үстіне жаңбырлық тасқын қосылып, олардың максималдық шығыны сол жылдары еріген сулардың шығынынан едәуір асып, сел тасқынын тудырады. Жерді суару үшін ауданда жер бетіндегі сулар, су көздерінің барлығы пайдаланылады.

Өңіріміздегі өзендер: Іле өзені – ұзындығы 815 км, Қорғас – ұзындығы 176 км. Тышқан – 155 км, Үсек – 148 км, Бурақожыр – 98 км және Көктерек – 39 км. Осы өзендерден тек қана Қорғас өзені Ілеге құяды. Ал Үсек өзені Үсек көліне барып қосылады. Қалғандарының аяғы құмға, жерге сіңіп кетеді.

**Іле өзені.** Іле – Қазақстан Республикасының ең ірі трансшекаралық өзені. Өзен бастауын Орталық Тянь-Шань тауларынан алып, Қытай шекарасында Текес және Күнес өзендерінің бірігуі нәтижесінде қалыптасып Панфилов, Ұйғыр аудандары ортасымен елімізге кіріп, Балқаш көліне құяды. Іле – Текес тармағын қосып санағандағы ұзындығы 1439 км. Текес өзені Теріскей Алатау мұздығынан басталады. Қазақстан аумағындағы ұзындығы 815 шақырымды құрайды. Балқаш көлінің экологиялық жағдайында және су деңгейінің режимінде, тұрақтылығында ролі ерекше. Суының молдығы жөнінен өзен республикадағы 3-ші өзен. Жылдық орташа су өтімі 472 м<sup>3</sup>/с. Ластану деңгейі бойынша Іле өзені 3-классқа жатады, яғни орташа ластанған. Іле мұздық және қар суымен қорланатын өзендер қатарына жатады. Оның суы сәуірдің аяғынан тамызға дейінгі аралықта тасып жатады. Жазда тау басындағы қармен мұздықтардың еруінен өзен суы мол болады. Күз айларында биік таулардың басындағы қар мен мұз баяу еріп өзен суының деңгейі төмендейді. Іле алабындағы өзендер таудан басталғандықтан, тасты, лайлы, тасқындар (селдер) жиі болып тұрады.

Іле өзеніне Балқаш көлі су жинау алабының 70%, беттік жиынтық ағындысының 80% тиесілі. Алаптың оң жағалауынан келіп құятын ірі өзендерге Жетісу Алатауының оңтүстік беткейлерінен ағатын Қорғас, Үсек, Бурақожыр өзендері жатады. Іле өзенінің суы режимі Қапшағай су қоймасымен реттеледі. Сол жағынан Шарын, Шелек, Түрген, Талғар, Қаскелең, Күртгі өзендері құяды. Суы егін суғаруға, электр энергиясын өндіруге пайдаланылады.

Іле өзенінің экологиялық жағдайы нашарлауда. Себебі Іле өзенінің ортаңғы ағысында, күріш алаптары және Шенгелді массивтерін игеруге байланысты минералды тұнайықтар мен химиялық препараттар өте көп қолданылып, нәтижесінде өзен суының сапалық құрамы төмендеген. Оның үстіне Іле өзені арқылы мұнай тасымалдау, Қапшағай су қоймасы, Қытай жеріндегі судың ластануы ондағы экологиялық жағдайды қиындата түсуде. ҚХР-ның (Қытай Халық Республикасы) Іле аймағындағы 8 аудан мен Құлжа қаласының өнеркәсіптік, тұрмыстық және ауылшаруашылығынан шыққан лас сулар өзенге құйылып, сапасы жылдан – жылға төмендеуде. Бұл тек ҚХР-нан кіріп жатқан судың сапасының төмендеуінен тыс, Қазақстан аумағында Іле өзеніне құятын басқа да өзен суларының сапасының төмен екенін көрсетеді.

Іле – Балқаш экосистеміндегі өзгерістер өте сирек кездесетін Іле тоғайы, өзен

# ЖАРКЕНТ ӨҢІРІНІҢ

жағасындағы шұрайлы жайылымдар мен оның жағасындағы қамыс-қоғаның жойылуына себепші болады. Көлдің жағалаулары кеуіп, тұзды шаң жиі көтеріледі. Ауа райы өзгеріп, қуаншылық пен аңызак желдер үледі. Іле өзенінің су деңгейі соңғы жылдары 2 м – ге жуық төмендеп отыр.

**Қорғас өзені.** Қорғас өзені басын Жетісу Алатауының күнгейінен, Бежінтау жотасының оңтүстік-шығысындағы Қорғас тауының солтүстік баурайындағы мореналық көлдер мен өзендердің жиналуынан алады. Қорғас өзені Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара бойында орналасқан, трансшекаралық өзен болып табылады. Қорғас өзенінің бассейні 4200-1100 м абсолюттік биіктікте Жетісу Алатауының оңтүстік шатқалынан бастау алады. Шығысында ол Үсек өзені бассейнімен, батысында Кеген өзенінің бассейнімен шектеседі. Өзеннің сол жақ жағалау бөлігі ҚХР территориясы болып табылады. Өзеннің суайырық жоталар арқылы су жинау алабының жалпы ауданы 2510 км<sup>2</sup>. Оның Қазақстан Республикасындағы бөлігі – 1457 км<sup>2</sup>. Қытай Халық Республикасындағы бөлігі 1053 км<sup>2</sup>. Жоғарыда Жыланды, Желдіарық және Үлкен Қазан суларының қосылу тұсынан оның Қазанкөл көліне қосылатын жеріне дейін өзен – Қазан өзені деп аталады. «Қорғас» атауын Қазанкөлден ағып шыққаннан кейінгі төменгі жағынан алады.

Жетісу жотасының Қорғас тауының солтүстік баурайындағы Қапқан, Баскөл, Кіші Қазанкөл сулары бір-бірімен жалғасып Үлкен Қазанкөлге құяды да, одан Қорғас өзені бастау алып оңтүстікке қарай ағады. Қорғас өзені жоғары және орта ағысында, сел және су тасқыны қауіптілігі бойынша бірінші, жоғарғы деңгейлі категорияға жатады. Өзенге оң жағынан Мұзтау, Қасқабұлақ жоталарының мұздықтарынан бастау алатын Қарсу, Найзатапқан, Көксай, Қасқабұлақ өзендерімен суы толысады. Төменірек тұсынан оң жақтан Ойжайлау, Шұңқырбұлақ суы, одан Алмалы, Қорғас арасаның жылы бұлақтарының суы қосылады. Бастауынан Басқұнша ауылы тұсындағы тауларға дейінгі ұзындығы – 72 км. Іле өзенінің құяр жеріне дейінгі жалпы ұзындығы 176 км. Өзеннің су жинау алабының аумағында 137 мұздық, 51 мореналық және мұздық көлдер бар. ҚХР территориясында – 13 мореналық көл бар. Оның ішінде 4-еуі Жыланды өзенінің бассейнінде, Үлкен Қазан өзенінің жоғарғы басында – 7, Ашутас және Қасқабұлақ өзендерінің басында бірден мореналық су қоймалары бар. Олар әр беткей, әр саладан Қорғас өзенін сумен қамтамасыз етеді. Қорғас – Іле өзенінің оң саласы.

**Гидрологиясы.** Қорғастың жоғарғы ағысы тар шатқалмен екпіндеп ағып, Басқұнша ауылы тұсында таудан шығып, ағысы баяулайды, аңғары кеңейеді. Көп жылдық орташа су шығыны Алмалы өзені сағасынан төменде 16,5 м<sup>3</sup>/с. Басқұншы, Алмалы ауылдары тұсынан Басқұнчан, Аяқ-Құнчан және Алмалы су каналдары тартылған. Қорғастың 20-ға жуық шағын салалары бар. Жағалауы мал жайылымы.

**Қорғас өзенінің салалары**  
**Жыланды өзені.** Жыланды өзені 4200-2555 абс.м. (суайырықтан Үлкен Қазан өзенінің бастауына дейін) биіктікте орналасқан мұздықтар тобынан бастау алады. Өзеннің ұзындығы 10,4 км. Су жинау алабының ауданы 5520 км<sup>2</sup>. Аңғарының пішіні астау сияқты, жиектерінен мұздық іздері, сел және тасқынның іздері айқын көрінеді. Аңғар жиектерінің төменгі жақтары мен жағалаулары бетпақты болып келеді. Өзен бассейнінің жоғарғы бөлігі альпілік биіктік белдеуліктің шалғынды зонасына жатады. Жыланды өзенінің бассейнінде жалпы ауданы 5,5 мың м<sup>3</sup> болатын 17 мұздық және 19 моренді көлдер бар.

**Желдіарық өзені.** Желдіарық өзені 4000 абс.м. биіктіктегі мұздықтан бастау алады, өзен бастауының белгісі (Қорғас өзеніне құятын жері) 2470 абс.м. Өзеннің ұзындығы 18,7 км. Су жинау алабының ауданы 9180 км<sup>2</sup>. Өзеннің жоғарғы жағында 28 мұздық және 5 мореналық көлдері орналасқан. Өзен сел жүру қауіпі жоғары өзендерге жатады.

**Нанзышоқы өзені.** Нанзышоқы өзені 4000 абс.м. биіктіктегі мұздықтан бастау алады, өзен бастауының белгісі (Қорғас өзеніне құятын жері) 2125 абс.м. Өзеннің ұзындығы 17,1 км. Су жинау алабының ауданы 1380 км<sup>2</sup>. Өзеннің жоғарғы жағында 29 мұздық және 5 мореналық көлдері бар. Өзен сағасында шоңғалды қойтастар қатары

жиі орналасқандықтан өзен Қорғасқа салаланып құяды. Сел үйінділері Қорғас өзенінің негізгі арнасын бөгейді. Өзеннің сел жүру қауіпі жоғары.

**Найзашоқы өзені.** Найзашоқы өзені 4400 абс.м. биіктіктегі мұздықтан бастау алады, өзен бастауының белгісі (Қорғас өзеніне құятын жері) 2040 абс.м. Өзеннің ұзындығы 8,4 км. Өзеннің жоғарғы жағында 10 мұздық бар, мореналық көлдер жоқ. Бассейнінің 1/3 моренді-мұздық кешендер алып жатыр. Өзен арнасы бүгілісті, өзен



арнасының бойында әр түрлі пішіндегі және мөлшердегі аралдар бар. Өзеннің сел жүру қауіпі жоғары.

**Көксай өзені.** Көксай өзені 4300 абс.м. биіктіктегі мұздықтан бастау алады, өзен бастауының белгісі (Қорғас өзеніне құятын жері) 1820 абс.м. Өзеннің ұзындығы 5,3 км. Су жинау алабының ауданы 2640 км<sup>2</sup>. Су жинау алабы пішіні үшбұрыш сияқты болып келеді. Өзен 3 тармақтың бірігуінен түзіледі. Өзеннің жоғарғы жағында қуатты морендері және үлкен көлемді мұздары бар, 5 ірі мұздық орналасқан. Өзен бассейнінде мореналық көлдер жоқ. Өзеннің құяр сағасының ені 800 метрге жетеді. Сағасында шоңғалды қойтастар қатары жиі орналасқандықтан өзен Қорғасқа салаланып құяды. Өзеннің сел жүру қауіптілігі жоғары.

**Қасқабұлақ өзені.** Қасқабұлақ өзені 3900 абс.м. биіктіктегі мұздықтан бастау алады, өзен бастауының белгісі (Қорғас өзеніне құятын жері) 1555 абс.м. Өзеннің ұзындығы 8,5 км. Су жинау алабының ауданы 3740 км<sup>2</sup>. Өзеннің жоғарғы жағында 9 мұздық және 10 мореналық көлдер орналасқан. Өзен аңғарының жағасы тік жар қабақты болады, өзен бассейнінің жоғарғы бөлігі жартасты беттерден, төменгі жағы бос жыныстардан тұрады. Өзен, моренінде көптеген көлдер орналасқан 90 қуатты моренді-мұздық кешінен бастау алады. Өзен арнасында қойтастар көп. Өзеннің негізгі арнасынан нөсерден, еріген қардан болатын сел тасқынның іздері байқалады. Көптеген морендік көлдер, бос жыныстар болғандықтан өзеннің сел жүру қауіпі жоғары.

**Ойжайлау өзені.** Ойжайлау өзені 2800 абс.м. биіктіктегі мұздықтан бастау алады, өзен бастауының белгісі (Қорғас өзеніне құятын жері) 1386 абс.м. Өзеннің ұзындығы 7,9 км. Су жинау алабының ауданы 4540 км<sup>2</sup>. Өзен екі тармақтың бірігуінен түзіледі. Өзеннің бастаудағы сағасының ені 800 метрге жетеді. Бассейнінің жоғарғы бөлігінде жалаңаш тік жартастар орналасқан. Ортаңғы және төменгі аңғарының жиектері тегіс. Өзеннің негізгі арнасынан нөсерден, еріген қардан болатын сел тасқынның іздері байқалады.

**Шұңқырбұлақ өзені.** Шұңқырбұлақ өзені 2670 абс.м. биіктіктегі мұздықтан бастау алады, өзен бастауының белгісі (Қорғас өзеніне құятын жері) 12800 абс.м. Өзеннің ұзындығы 9,6 км. Су жинау алабының ауданы – 2140 км<sup>2</sup>. Шұңқырбұлақ өзенінің аңғары түзу. Аңғардың жиектері тік жар, өзеннің көптеген тармақтары бар. Өзеннің жоғарғы бөлігінде ағаштар жиі кездеседі. Өзеннің негізгі арнасынан нөсерден, еріген қардан болатын сел тасқынның іздері байқалады. Жалпы алғанда Қорғас өзенінің оң жағалаудағы тармақтарының (Ойжайлау, Қасқабұлақ, Көксай, Үлкен Қазан, Нанзышоқы және т.б.) аңғарлары бір типті, жоғарғы бөлігінде типтік шұңқыр аңғарларға

жатады. Өзен аңғарының бос жыныстардан тұратын бөліктерінде жиегінің бұрышы 20-35° аралығында, ал жартасты жыныстардан тұратын бөлігінде 90° болады. Бос жынысты материалдың грунттыңда қойтастар, құмды-сазды кесектер 20% болады. Қойтастар мен кесектердің мөлшері көлденеуінен 2,5-3 метрге дейін жетеді.

**Үлкен Қазан өзені**

Үлкен Қазан өзені 3930 метр абсолюттік биіктіктегі мұздықтан бастау алады, өзен бастауынан құяр жеріне (Қазан өзеніне

құятын жері) дейінгі биіктігі 2555 метр абсолюттік биіктікте. Өзеннің ұзындығы 12,9 км. Су жинау алабының ауданы 7480 км<sup>2</sup>. Өзеннің жоғарғы бөлігінде 13 мұздық және 7 морендік көл бар.

**Қорғас өзені алабының табиғи-климаттық жағдайы.** Қорғас өзен алабы Жетісу жотасының оңтүстік беткейінде шамамен 4200-1100 м биіктікте орналасқан. Қорғас өзені – Іле өзенінің оң жақ жағалау саласы мұздық және мәңгі қарлы Жетісу Алатауының оңтүстік беткейінен бастау алады. Өзен ұзындығы 176 км, өзеннің су жинау алабы – 1310 км<sup>2</sup>. Қорғас өзенінің ұзындығы бойынша биіктік белдеулік сипаттамасы: Өзеннің жоғарғы ағысы 3500 м биіктікте мұздақ және қарлы мұзды суық белдеуі орналасқан; 2500-3500 м биіктікте таулы-шалғынды альпілік белдеу орналасқан; субальпілік белдеу үшін 2500-2800 м сипаттамасы ағашты-талды, өсімдікті, таулы-шалғынды топырақ; төменірек орманды жазықтық 1500-2300 м және таулы жазықтық 1200-1500 м белдеу орналасқан. Бұл орманды жазықтық кара-қоңыр, сұр топыраққа ие. Жер бедері жағдайына байланысты Қорғас өзенінің ағыс жағдайы да өзгереді. Биік таулық беткей және аласа таулық белдеуде Қорғас бас жағында тар шатқалды бойлап гүрілдеп, көбік шашып жылдам ағады. Қорғас өзенінің жазық беткейі тепкішекті, өзенге төмендегенде арнасы кеңейіп ағысы баяулайды. Жазыққа шыққаннан кейін жайылып баяулап барып Іле өзеніне оң жағынан қосылады. ҚР басты басқару гидрометеорологиясы бойынша, Қорғас өзені бассейнінің ортаңғы және жоғарғы бөлігінде (Қорғас ауылынан жоғары) су тасқыны қауіптілігі жаңбыр сулары қалдықтары және лайлы тасты сел бойынша I категорияға жатады.

Қазақстан аумағында тасып кету қауіпті және көлемінің үлкендігі жөнінен 5 млн м<sup>3</sup>-тан аса су көлемі бар Жыланды өзенінің бассейніндегі көлдер тобы алады. Бассейнінің жоғарғы бөлігінде Баскөл көлі мен тағы да 40 мореналық-мұздық көлдер кешені бар. Баскөл және Қазанкөл көлдерінің орны ойпатты табиғи сел ұстап қалу орындары болуы мүмкін, алайда бұл қосымша есептеулерді талап етеді. Қорғас өзенінің су деңгейі жылда мамыр айының ортасы мен тамыз айлары аралығында су тасуының болуы қалыпты жағдай. Қазанкөл көлінің суағары жасанды бекітіледі.

**Үсек** – Іле алабындағы өзен. Ұзындығы 164 км, су жиналатын алабы 1970 км<sup>2</sup>. Токсанбай, Тышқан жоталарындағы мұздықтардан басталады. Аңғары жоғары және орта бөлігінде таулы жерлермен ағады. Ағыны қатты, суы мол. Жылдық орташа су ағымы Талды ауылы тұсында 15,7 м<sup>3</sup>/с. Өзен бойындағы балшығының емдік қасиеті бар.

3400-3600 м биіктікте Бароқор жотасының батыс сілемдерінен басталатын Кіші және Орта, Үлкен Үсек өзендерінің



# ӨЗЕНДЕРІ МЕН КӨЛДЕРІ

қосылуынан басталады. Кіші Үсектің басында Алтынкөл, Жазықкөл, Шоғанак дейтін көлдер бар, солардан аққан су Кіші Үсекті құрайды. Төменнен оған – Керегетас, Тікенбұлақ, Өренсай т.б. сулар қосылады. Үсек Жаркент қаласының желке тұсына тақанда екіге бөлінеді. Негізгі су ағымен қалып, қаланың түбімен өтеді, ал батысқа қарай кеткен тармағы, тастақты жермен еніске қарай, аққандықтан, Данғырлақ аталады.

Жаркент жерінде Жетісудан басталып, Ілеге қарай ағатын, бірақ жете алмай, құмға сіңіп кететін көптеген өзендер бар. Олар: Көктерек, Қойбын, Қайшы, Бұрхан, Шежін, Тышқан, Бурақожыр. Бұл өзендердің табиғи байлығы, су режимі, бастаулары әртүрлі.

**Қайшы** – ұзындығы 51 км, су жиналатын алабы 298 км<sup>2</sup>. Бастауын Қояндытау жотасының шығыс бөлігінің оңтүстік беткейіндегі бұлақтардан алып, Айдарлы ауылына жетпей тартылып қалады. Аңғары тар, жер асты, жауын-шашын суларымен толығады. Көктемде суы мол, ағыны қатты. Шаруашылық қажетіне, егін суаруға пайдаланылады.

**Бұрхан** өзені бастауын Тышқан жотасының оңтүстік беткейінен алып, Жерұйық ауылының тұсында Үсек өзеніне құяды. Ұзындығы 50 км, су жиналатын алабы 255 км<sup>2</sup>. Арнасы тау арасында тар, жағасы тік жарлы болып келеді. Жауын-шашын, жер асты суларымен толығады. Суы шаруашылық қажетіне пайдаланылады.

**Шежін** өзенінің басы Жетісу Алатауының оңтүстігінен басталады, ұзындығы – 19 км. Өзен қар және мұз суларымен қоректенеді.

**Тышқан** – Іле алабындағы өзен, ұзындығы 51 км, су жинау алқабы 354 км<sup>2</sup>. Жетісу Алатауының оңтүстік сілімі Тышқантау мұздығынан басталады. Бұл өзенге Сарыбел ауылына жақындағанда Нарын өзені құяды. Аңғары тік шатқалды, ені жоғары бөлігінде 1,5 – 2 км, өтуге қиын. Арнасы тастақты. Қар және мұздық суымен қоректенеді. Тышқан ауылы тұсында су шығыны 2,5 м<sup>3</sup>/с. Ілеге жетпей тартылып қалады.

**Бурақожыр** – бастауын Жетісу Жоңғар Алатауының оңтүстік-батысындағы Қояндытау жотасындағы бұлақтардан алып, Көктал ауылының оңтүстігінде Іле өзеніне 5 км жетпей сарқылып қалады. Ұзындығы 78 км, су жиналатын алабы 548 км<sup>2</sup>. Жылдық орташа су ағымы 2,3 м<sup>3</sup>/с. Өзен

көлден өзен ағып шығады. Ондай көлге тұз жинақталмайды. Сондықтан ағынды көлдің суы тұщы болады.

Ешбір өзен ағып шықпайтын көлдер де бар. Оларды *ағынсыз көлдер* деп атайды. Су ағып шықпайтындықтан, оларда біртіндеп тұз жинақтала береді. Мұндай көлдерге құятын өзендер жерден шайынды қалпында әр түрлі тұздарды алып келіп отырады. Көлдегі судың біразы буланып кетеді, ал қалған судағы тұздың мөлшері бірте-бірте арта түседі де, көл тұзды көлге айналады. Құрғақшылық аймақтарда көл суы түгелдей буланып кетеді де, түбінде тек тұз қалады. Осындай көлдерді *шоқпа* немесе *тұнба көл* деп атайды.

**Көлдердің батпаққа айналуы.** Жаңбыр және қар суы жер бетін шайып, көлге әр түрлі заттарды ағызып алып келеді. Сол сияқты көлдің түбіне өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары шөгеді. Көл бірте-бірте тайыздайды да, оны ылғал сүйетін өсімдіктер басып кетеді. Көлдің тайыздалған жеріне қамыс, құрақ, қияқ, мүктер қаулап өседі. Шіріген өсімдік қалдықтары көлдің түбіне жиналып, соның салдарынан көл тайыздай бастайды. Нәтижесінде көлдің орнында батпақ пайда болады.

Ауданымыздың аумағында ірілі-ұсақты 10 көл бар. Оның ішінде ірілері Үсек, Алтынкөл, Қазанкөл, Жидекөл. Көлдердің үлкені Үсек, ұзындығы 3 км, ені 600 м, тереңдігі 12 метр, Қазанкөл – 2171,2 метр абсолюттік биіктігінде орналасқан, өте суық.

**Қазанкөл** – еліміздің шығысындағы Қытай Халық Республикасымен шекаралас аймақта орналасқан. Бұл жердің ерекшелігі мемлекеттік шекараның үлкен Қазанкөлдің дәл орасымен өтуінде. Кіші көл Қытай территориясында орналасқан. Үлкен көлдің сол жағалауы Қытайлық, ал оң жағасы Қазақстандық. Қазан өзенінің орта бөлігінде геологиялық жер сілкінісі салдарынан бүтін тау шыңы опырылып құлағаннан кейін пайда болған. Бұл – тектоникалық ағынды тұщы көл. Жетісу Алатауының 2171,2 метр абсолюттік биіктігінде Қазанкөл орналасқан. Қазанкөлдің ұзындығы 3000 метр, ені 750-900 метр, тереңдігі 2 метрден 35 метрге дейін барады, көлемі 2 400 000 м<sup>3</sup>. Суының тұнықтығы соншалық табанында жатқан тастың реңіне дейін көрінеді. Көл суы тау басындағы мұздықтар мен қардан және аздаған бөлігі жауын-шашынның суларымен қоректенеді. Солтүстігінде



бар. Көлдің суы тұнық, форель, осман т.б. әр түрлі балықтар бар. Көл жағасында бұғы, марал, елік, аю, қар барысы, тауешкі, арқар тобымен жайылып жүреді.

Қазақстан мен ҚХР-ның төтенше жағдайлар қызметі Жетісу Алатауының оңтүстік- шығыс беткейі шырдарындағы мындаған текше метр мөңгілік мұздықтардың еруінен Қорғас өзенінің бастауында 60-қа жуық көлдің пайда болғанын анықтаған. Бұл көлдер арнасынан асқан жағдайда сел суы Қорғас өзенінің арнасында тоғысып, алапат сел тасқыны болуы ғажап емес. Тау басындағы көлдердің 40-қа жуығы қазақстандық, 20-дан астамы қытайлық бөлікте орналасқан.

**Бескөл.** Қазанкөлден 20 шақырым жоғарыда Бескөл шағын көлі орналасқан. Бұл көлдің ұзындығы 830 метр, ені 320 метр, тереңдігі 40 метр, ондағы суының мөлшері 37 миллион 274 мың текше метр. Бескөлдің суы молайып, ернеуі шіпілдеп кететін кездері жиі-жиі қайталанып тұрады. Ол табиғи сұйық қойманың бөгеті өте әлсіз. Бескөлдің ернеуі сондай шіпілдеген жағдайда жырылып кететін болса жоғарыда айтылған су лап етіп Қазанкөлге бес-ақ минутта жетіп келеді де Қазанкөлдің ернеуін бұзып кету қаупі туындайды. Сонымен қатар Қорғас ШЫХО коммуникацияларына үлкен зақым келтіреді.

2012 жылы «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесінің білікті мамандары Қазанкөл мен Бескөлдің жер жағдайын, жер қыртысын тереңінен зерттей келе, тиісті ғылыми қорытынды шығарды. «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесінің басшылары Бескөлге «02 Қақпан» деген ат қоя отырып, жұмысты жүргізді. Бескөлдің ернеуі суға толып кетпеу үшін көл жиегінен ені 23 метр кендікте, табаны 4 метр кендікте су ағып тұратын канал салынды. Бескөл суға тола бастағанда жасанды каналмен су ағып, бұл көлден 20 шақырым төмендегі Қазанкөлге құйылып тұрады. Бескөлде жиналған көл суы ернеуін жырып бұзып кету қаупін жойды. Сонымен қатар диаметрі 20 метр трубалардың ұзындығын 300 метрге жеткізіп, дөңкерлеп жалғап, 10 жерден Бескөлдің суын ағызып қойды. Көлдің суы пластикалық құбырлар арқылы атмосфералық қысымдағы айырмашылыққа байланысты 1 миллион 700 мың текше метр артық су өзі төмен ағып кетеді. Су деңгейінің көтерілуі тұрақты бақылауға алынған. 2017 жылғы 8 маусымда ҚР-ның Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасында Қорғас өзенінде «Шұқырбұлақ» (Алмалы) бірлескен селден қорғау бөгетін салудағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған. 2019 жылы сәуір айында екі ел Үкіметі бірлесіп теңдей қаржы бөліп, «Шұқырбұлақ» селден қорғау бөгетінің құрылысын бастады.

**Алтынкөл** – Қаракұм және Мойынкұм құмдарының аралығындағы көл. Ават ауылының оңтүстік-шығысында 13 км жерде орналасқан. Теңіз деңгейінен 657 м биіктікте жатыр. Шығысынан Қорғас өзені ағып өтеді. Қорғас – Іле өзендері алып келген аллювийлі жыныстарында орналасқан. Көлдің айналасын биіктігі 20 – 25 м-дей құм шағылдары қоршап жатыр. Жауын-шашын және жерасты суларымен қоректенеді. Солтүстік шығыс жағалауларын толықтай қамыс жапқан, оңтүстік батыс бөлігі құмды кейбір жерлерін өсімдік жапқан. Балықтардан сазан, мөңке, балқаш алабұғасы бар. Маңында ақ сексеуіл, жүзгін, жыңғыл, ала тораңғы өседі.

**Үсек көлі** – Үсек өзенінің бір саласында орналасқан. Көлден шыққан су Іле өзеніне барып құяды. Теңіз деңгейінен 517 м биіктікте жатыр. Үсек көлі мен Іле өзенінің арасындағы байланыс көктем-жаз уақытында су деңгейі көтерілген уақытта байқалады. Көлде 6 түрлі кәсіптік балық түрлері бар (тыран, мөңке, сазан, қаракөз, жайын және көксерке).

**Жиделікөл** – құмды төбелердің ортасында орналасқан. Көлдің толуы және ондағы су деңгейінің көтерілуі атмосфералық түсімдерге және жерасты суларына байланысты болады. Жағасы тегіс, ашық құмды болып келген. Солтүстік жағалауын қамыс пен қоға жапқан. Су қойманың тереңдігі 3 м, көлді су өсімдіктері жаппай жапқан. Суқойма теңіз деңгейінен 636 м биіктікте жатыр.

**Құркөл** көлі де құмды төбешіктердің ортасында орналасқан көлдердің біріне жатады. Бұл су қойманың да толуы және су деңгейінің көтерілуі көктемдегі атмосфералық жауын-шашынның және жер асты су көздеріне байланысты болып келеді. Көл таяз сулы, ең терең жері – 1,5 м, суы тез жылыды және теңіз деңгейінен 634 м биіктікте жатыр. Айналасын толықтай қамыс басқан.

**Сарыкөл** көлі де жоғарыда аталған көлдер секілді құмды төбелердің ортасында орналасқан. Көл таяз сулы, ең терең жері – 2-3 м. Көлдің түбі 100% су өсімдіктері: 90% – кірпібас және 10 % егеушөп басқан. Айналасында жиде, талдар және қоға-қамыс өскен. Көл теңіз деңгейінен 616 м биіктікте жатыр.

**Құндызды көлі** «Панфиловское» аңсарушылығы территориясында орналасқан. Көл орналасуына қарай өзеннің арнасына ұқсайды. Суқойма Іле өзенінде су деңгейі көтерілген уақытта толады. Көлдің негізгі аудандарында судың тереңдігі 1 м, тек бетонды көпірдің жанында 2,0 – 2,5 м тереңдікке жетеді. Су қойманың айналасы тегіс ашық болып келген. Көл теңіз деңгейінен 516 м биіктікте жатыр. Сазан, ақмарка, қызылқанат және мөңке тіршілік етеді.

**Бөген.** Ауданымызда 2011 жылы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының екі аралық шекара белдеуінде жатқан Қорғас өзенінің бойына «Достық» су торабы құрылысы жүйесінің алғашқы іргетасы қаланды. Екі жақтың әрқайсысы осы уақытқа дейін Қорғас өзенінен 20 текше метрден су мөлшерін алып келген болса, енді «Достық» су торабынан әрқайсысы 25 текше метр су мөлшерін алуға қол жеткізді. Бұл жобаның құрылыс жұмыстарын Қытай Халық Республикасы жүргізіп іске қосты. Болашақта каскад су электр стансалары да салынбақ. Оның алғашқысы осы уақытқа дейін Қорғас өзенінен 4 каскадтық су электр стансасын және су жүйесін тарту арқылы Жаркент және 30 мың халқы болатын Қорғас қаласымен тағы басқа елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі – күн тәртібіндегі негізгі міндет.

**Қанпа УСПАНОВА,**  
Алтыуай ауылы.



суының деңгейі сәуір – маусым айларында көтеріледі.

**Көктал** өзені ұзындығы 63 км, су жиналатын алабы 1550 км<sup>2</sup>.

Ауыл шаруашылығында Панфилов өндірістік учаскесіне қарайтын Үсек өзені 17 255 гектар алқапты суландырса, Бурақожыр өзені арқылы 3 592 гектар, Шежін өзені арқылы 896 гектар және Достық өзенінің жүйесі 14 119 гектар алқапты суландыра алады.

## Көлдер

Жер бетіндегі кез келген көлемі үлкенді-кішілі іші суға толған табиғи тұйық ойыстарды көл деп атайды. Көлдің теңізден айырмашылығы оның мұхитпен тікелей байланысы жоқтығында. Көлдер жазықта да тауда да кездеседі. Табиғатта ауданы бірнеше шаршы метр ғана болатын өте кішкентай көлдер де кездеседі. Сонымен қатар үлкендігіне байланысты «теңіз» деп аталатын ірі көлдер де бар.

Көлдер ағынды және ағынсыз болып бөлінеді. Көл суының көптеген қасиеттері, әсіресе тұздылығы оның ағынды немесе ағынсыз болуына байланысты. *Ағынды*

орналасқан бірнеше мореналық көл сулары жалғасып, Желдіаяқ, Жыланды өзендері мен Кіші Қазанның суы қосылып ағып Үлкен Қазанкөлге құяды да, одан Қорғас өзені ағып шығады.

**Климаты.** Биік тау беткейлерінде климаты қоңыржай: қысы суық, жазы қоңыр салқын. Жетісудың мәңгі мұз және қар жататын биік тау жоталарында 2500 м-ден жоғарыда климаты тым қатал. Тау етегінің 1000-2500 м-ге дейін климаты қоңыр салқын, биік таулы белдеуде температура төмен, мамыр айының орташа температурасы +8 +10°С. Мамыр айында түскен жауын-шашын қиыршық қар түрінде түсіп аздан соң еріп кетеді. Жауын – шашынның жылдық мөлшері 500-800 мм. Көлдердің бетін қарашадан – мамырдың аяғына дейін мұз басып жатады. Шілдеде бұл табиғи сұйық қоймалардың мұздары еріп кете бастайды.

**Табиғаты.** Қазанкөл жағасында қамыс-қоға өседі. Тау беткейлерінде гүлді шөптесін өсімдіктер мен жеміс-жидектерге өте бай. Қарағай, қайың, арша, шырша, өседі. Дәрілік өсімдіктерден алтын тамыр, таңқурай, ақмәрпі, пиау, қылыш, шырғанақ



– Бақытгүл Батырбекқызы, өзінің басқарып отырған Мәдениет үйі жыл соңында облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырған «Ауылым – алтын бесігім» деп аталатын 33 мәдениет нысаны қатысқан конкурстан жеңімпаз деп танылды. Бұл жетістіктеріңіз Жерұйық ауылының тұрғындарына, қала берді ауданымызға үлкен қуаныш сыйлады. Жалпы осы конкурстың өту барысы, іріктеу кезеңдері жайлы айтып өтіңізші.

– Бұл жылда өтетін дәстүрлі байқау. Алғашында мәдениет күндері болып басталған, әр ауданнан өнерпаздар Талдықорғанға баратынбыз. Содан кейін бізге келіп көре бастады. Бергін келе «Ауылым – алтын бесігім» болып өзгерді де, комиссия өзі келетін болды. Кейін пандемияға байланысты екі жыл онлайн болды.

Бұл жерде іріктеу, ештеңе жоқ. Әр ауыл өз деңгейін көрсетеді: концерттік бағдарлама, көрме, салт-дәстүрден көрініс, мекеменің жағдайы, құжаттары, базалық қоры.

Екі айға созылған бұл конкурста облыс бойынша жалпы саны 33 мәдениет нысаны қатысты.

Біздің мәдениет үйі жана, білесіздер, өткен жылы ғана толық күрделі жөндеуден өтті. Базалық қорымыз да түгелдей заман талабына сай, мәдениетке қажетті дүниенің бәрімен қамтамасыз етілген. Мамандарымыздың барлығы білімді, білікті, құжаттарына да жауапты, әрі тиянақты. Әрбір өткізген іс-шараларымызды әлеуметтік желідегі парақшаларымызға да жариялап отырамыз. Сахнада көрсетілетін әрбір номерімізге барынша дайындалып, бар өнерімізді көрсеттік. Нәтижесі өздеріңіз білетіндей, 8 ауылдың мәдениет үйі жеңімпаз деп танылды. Солардың бірі – біз, яғни Жерұйық ауылдық мәдениет үйі.

– Алаш баласын аузына қаратқан, өмірі мен өнері қоса өрілген небір алыптардың да ауылдан шыққаны белгілі. Демек біздің Жерұйық ауылында таланты мен талабы ұшғасқан, болашағынан үміт күттіретін жастар легі өсіп келеді ғой?

*Бақытгүл НҰРАХМЕТОВА, Жерұйық ауылындағы Мәдениет үйінің директоры:*

## ЖЕРҰЙЫҚ АУЫЛЫНАН ӨНЕРЛІ ЖАСТАР ШЫҚСА ЕКЕН ДЕП АРМАНДАЙМЫН



– Әрине, «ел іші – өнер кеніші» деп жатады ғой. Ауылымызда талантты, талабы таудай жастарымыз баршылық. Өнерді жандарына серік еткен Ниязахунов Дарын Рахманұлы, Құрманқын Мирас сынды өнерпаздар көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Тағы бір айта кетерлік жағдай Мирас жанұясымен әр айтады, яғни кішігірім отбасылық ансамбль. Сондай-ақ Даутова Фатима мен Зухра, Қасымханова Анар, Әбілмәжін Тоқтасын мен Епекова Мақпал концерттерімізде жүргізуші. Және де «Ақ әже» әжелер ансамбліміз бар. Ауылдың қауымдастық мүшелері – ұйымдастырушылар. Барлық жерде белсене араласып, ат салысып жүретін қауымдастық мүшелеріне айтар алғысымыз зор.

– Бір кездері қараусыз қалған Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, халықтың игілігіне берілді. Ауыл мәдениетінің күре тамырына қан жүгірді десек те болады. Осы мәдени нысанның басшысы ретінде алдағы жоспарларыңызбен бөліссеніз.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1-қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында өскелең ұрпақтың шығармашылық және спорттық әлеуетіне ерекше назар аудару, сондай-ақ балалар үйірмелерінің қызметін қайта бастау, спорт секцияларын ашу қажеттігі туралы айтқан болатын. Сол жолдау негізінде 2021 жылы мамыр айынан бастап ауылдағы мәдениет үйінде Апукова Жанар Омарғазықызының жетекшілігімен хор, вокал, көркемсөз, домбыра, фортепиано, жетіген, би, мүсіндеу және көркемсурет бағыттары бойынша өз жұмысын бастап кетті.

Орталық ашылғалы бірнеше мәрте концерт берілді. Ауыл балаларының өнерге деген құлшынысы жоғары. Кәдімгідей рухани, мәдени тұрғыдан жетілген өнерлі балаларды көріп ата-аналар марқайып жатыр.

Мәдениет үйімізге жалпы 13 штат бөлінген, оның төртеуі мәдениет қызметкерлері болса, тоғызы кіші қызметкерлер (тех. персонал). Мәдениет үйі қатты отынмен жылыды, таза, бар жағдай жасалған. Оған қоса, облыстық «Үздік мәдениет үйі» байқауында біздің ұжым 2 микрофон, 2 колонка, дыбыс күшейткіш құрылғысы бар үлкен аппаратқа ие болдық.

Биыл елімізде «Балалар жылы» екені белгілі. Осыған орай Мәдениет үйіміздің жанынан «Балауса» шығармашылық орталығы құрылып, бүгінде өз жұмысын қызу жүргізіп жатыр. Дәл осы мәдениет үйіміздің күрделі жөндеуі аяқталысымен мемлекет басшысының үйірме жұмыстарын жандандыру жөніндегі тапсырмасының жүзеге асуы тұспа-тұс келіп, Жерұйық ауылынан осындай шығармашылық орталықтың жұмысының басталғаны ауыл балаларына үлкен көмек болып тұр. Ендігі жердегі жоспарларымыз сол, қолдан келгенінше ауыл жастарын, талантты балаларды өнерге баулып, ауылдан үлкен-үлкен өнер азаматтарын шығару.

«Балауса» шығармашылық орталығы эстрада-вокал үйірмесі, хор, көркемсөз, жетіген, домбыра, би, сурет пен мүсіндеу бағыттары бойынша жұмыс жасайды.

Ол үйірмелерде арнайы білікті мамандар дәріс береді. Ата-аналарға да рахмет, осылай домбыра десе, домбыра, жетіген десе, жетіген алып беріп, «болам» деген балаларының бетін қақпай, демеп отырған. Алда талай костюмдер тіккізіп, үлкен-үлкен концерттер береміз деген ойдамыз.

– Ауыл жастарының білімді болуымен қатар мәдениеті қалыптасқан тұлға болып өсуі де маңызды ғой...

– Әрине, біз бұл тұрғыда да жұмыстар жүргіземіз. Қазірдің өзінде үйірме мүшелері кәдімгідей қалыптасып қалған. Әрбір сабақта балаларды алдын ала пысықтау жүргізіледі бізде. Мысалы, кеудесін, басын көтеріп, еңсесін тік ұстау, күлімдеу, өз ойын ашық айту, жаман әдеттерден, жағымсыз қылықтардан ада болу, бәрін-бәрін әр сабақ сайын естеріне түсіріп, сондай бір мәдениеті мен білімі жарасқан тұлға етіп қалыптасулары үшін барынша жұмыс жасауға тырысамыз. Өнер деген тұрақтылықты, шыдамдылық пен жауапкершілікті қажет етеді қашан да. «Балалардың бәрі дарынды, тек бұлақ көзін аша білу керек» деген бар ғой?! Сол сияқты бізге келетін балалардан да ең әуелі жауапкершілік пен салмақтылықты талап етеміз. Бүгін еңге қатысып, ертен «Ой, мен билеуші едім» деген болмайды ғой. Әу, бастан ойланып шешім қабылдап, сол таңдаған бағытынан барынша қол үзбеу қажеттігін барынша ұғындырып бағамыз. Бұл үйірмелерге де бала өзі келіп тіркеле салмайды. Мектеп жасындағы балаларын ата-аналары ертіп келіп, шығармашылық орталық жетекшісінің атына қаратып арызын жазсады, сосын біз ол оқушыны базада тіркейміз, сабақтан себепсіз қалуға да болмайды. Айта берсек, көп-ақ. Ең бастысы, жауапкершілік. Әр сабаққа жауапкершілікпен қарап, балаларымыз тұрақты түрде таңдаған бағыттарын жалғастыра берсе, алар асуларымыз алда болмақ...

– Бақытгүл Батырбекқызы, өзінің де өмірге белгілі әншісіз. Қазақ «Ән айтасын – жаныңды жеп айтасын» дейді ғой. Шығармашылығыңызда қандай жаңалықтар бар?

– Шығармашылығымға келсек, 2018-дің тамыз айынан Жерұйық ауылдық мәдениет үйінде директорымын. «ҚР Тауелсіздігінің 20 жылдығы» мерекелік медалімен, 2019 жылы «ҚР Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталдым. Көңілге қонымды, мән-мағынасы бар әндер айтқанды ұнатамын, оның ішінде жергілікті композитор Базархан Жақыбаевтың үш әніне клип түсірілді. Алдағы уақыттарда да елдің көңілінен шығатын әндер жазып, халыққа қызмет ете беру басты міндетім деп білемін.

– Адам баласында арман таусылған ба... Жалпы сіз өнер адамы ретінде нені армандайсыз?

– Әрине, армансыз адам қанатсыз құспен тең емес пе?! Арман деген айта берсек көп, бастысы сол шексіз, шетсіз армандардың ішінен маңызды дегендерді мақсат етіп қойып, арманға жетер жолда әрекет ету. Әрекетке сай берекет. Мендегі өнерге қатысты маңызды армандарымның бірі сол, өзім басқарып отырған мекемені әрдайым үздіктер қатарынан көрсетіп, шәкірттерімізді биік белестерге жетелеу. Елге танымал өнер иелерінің бәрі дерлік ауылдан шыққан ғой, сондықтан да Жерұйық ауылынан да өнерлі жастар шықса екен деп армандаймын.

*Сұхбаттасқан  
Тогжан ҚАСҚАРБАЕВА  
Жерұйық ауылы.*



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК  
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
Бас редактордың орынбасары –  
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ  
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
➤ Газет индексі - 65161  
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.  
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:  
Алматы облысы,  
Жаркент қаласы,  
Е.Сыпатаев көшесі,  
242 үй, 14 пәтер  
Тел.: 8/705/412-78-48;  
8/705/277-16-91;  
8/777/971-57-67  
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.  
Тапсырыс: №10123

